



ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕ ҚАНДАЙ?

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ЖОМАРТТЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІ

8-БЕТ | ЗЕРДЕ



БАЛАНЫ ЗИЯНДЫ АСТАН САҚТАЙЫҚ

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі керек. Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп. Біз олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет. Ұлы Абайдың «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесең, істің бәрі – бос» деген сөзі әлі де өзекті болып тұр. Мен зиялы қауым өкілдерінің бір-біріне әрдайым тілектес болғанын қалаймын. Өзара жанашыр болу, түптеп келгенде, елге жанашыр болу деген сөз.

№38
(4626)
Сенбі
30 наурыз
2024 жыл



АСТАНА

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЖАҢА ҮЙГЕ КӨШІРЕЛДІ

Астанада ескі тұрғын үйлерді жаңарту бағдарламасы аясында апатты баспаналарды бұзу және олардың тұрғындарын жаңа тұрғын үйге көшіру мәселесі қарастырылған.

Биыл елордада 60 апатты үйдің тұрғындары 1400 пәтерге көшіріледі. Осылайша шамамен 4200 адам тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Жалпы, қала бойынша 2013 жылдан бері 286 апатты үйдің тұрғындары жаңа үйге қоныс аударды.


Жалпы, Астанада 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй қорын жаңарту жобасы аясында 206 апатты үйдің тұрғындары 4710 пәтерге көшіріледі. Жобаның шарты бойынша авариялық үйлердің тұрғындарына құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес бөлмелер санына және адам санына қарамастан, ауданы бойынша бірдей мөлшерде (яғни «шаршы метр» – «шаршы метр»), бірақ кемінде бір бөлмелі жаңа пәтер беріледі.

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМНЫҢ ИГІЛІГІ

Астанада инклюзивті қоғам құру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік жәрдем көрсету бойынша бірқатар жобалар жүзеге асырылуда.


Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Жалмағанбетова елордадағы инвентаризация, мүгедек адамдардың баспанамен қамтамасыз етілуі, атаулы әлеуметтік көмек алудың мәселелерін талқылау бойынша тиісті органдардың мамандарымен кездесу өткізді.

(Соңы 6-бетте)



ҮЙІРМЕГЕ ҮЙІР ҰРПАҚ

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап елордада балаларға арналған үйірмелердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс іске асырылуда. Жобаны іске асыру басталғаннан бері, яғни 3 жыл ішінде шығармашылық тапсырыс бойынша 26 мыңнан аса баланы тегін шығармашылық үйірмелерімен қамтуға мүмкіндік берілді. Осы бағытта бюджеттен 10 миллиардқа жуық қаржы бөлінді. Қазір елордада шығармашылық бағыттардың 50 түрі бойынша 713 үйірме бар. Оған 343 жеткізуші қызмет көрсетеді.



Астана қаласының әкімдігі ауа райының қолайсыздығына байланысты қала тұрғындары мен қонақтарынан көшеде жүргенде өте мұқият және сақ болуды ескертеді.

«Қазгидромет» РМК мәліметі бойынша, Астанада жауын-шашын және күшті жел болады деп күтілуде.

Астана қаласы бойынша Төтенше жағдай департаментінің құтқарушылары тұрғындардың үйлердің қабырғаларында, аялдамаларда, билбордтардың жанында, ағаштардың астында желден жасырынбауын, сондай-ақ автокөлікті ескі және жалғыз тұрған ағаштардың жанына қоймауын сұрайды.

Төтенше жағдайлар болған жағдайда «109» қызметіне хабарласуды сұрайды.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Астанада көлік картасын сатып алу және толықтыруға арналған RTVM-автоматтар біртіндеп өшірілетін болады. Бұл туралы CTS компаниясы хабарлады. Компания мәліметінше, RTVM-автоматтарды демонтаждау кезең-кезеңімен жүргізіледі.

Барлығы қала бойынша 30 RTVM-автоматы бар. Бүгін «Северный» СУ, Қосшығұллы көшесі, 9; «Сұңқар» СУ, Республика даңғылы, 26; «Орбита» СУ, А.Петров көшесі, 1; «Магнум» СО, Еділ көшесі, 21; Ғ.Мүсірепов көшесі, 9Б; «Магнум» СО, Ш.Уәлиханов көшесі, 20 мекенжайында орналасқан RTVM-автоматтар өшіріледі.

Осыған дейін «Аймақ Тау» СУ орналасқан екі RTVM-автомат

өшірілген болатын. Қаладағы қалған RTVM-автоматтар қалыпты жұмыс істеп тұр. Олардың өшірілуі туралы қосымша хабарланады.

Ал қала бойынша енгізіліп жатқан жаңа электронды төлем жүйесі көлік картасының теңгерімін қашықтан және лезде толықтыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жақында көлік картасын толтырудың жаңа әдісі енгізіледі.



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 483.46 \$ USD/KZT 448.15 ₸ RUB/KZT 4.86 ¥ CNY/KZT 61.99

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz

№38 (4626) 30/03/2024 Сенбі

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКАҒА
ЖАҢА ПАРАДИГМА КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын Қытайдың Хайнань провинциясында өтетін Боао Азия форумының (БАФ) пленарлық сессиясының ашылу рәсіміне қатысты. Биылғы 23-форум «Азия және әлем: ортақ сын-қатерлер, ортақ жауапкершілік» деген тақырыппен өтті. Қазақстан Президенті аталған форумда құрметті қонақ ретінде сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, құбылмалы геосаяси ахуал мен экономикалық қиыншылықтың салдарынан туындаған жаһандық тұрақсыздық жағдайында бұл платформа диалог пен халықаралық ынтымақтастық орталығы ретінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

«Осы онжылдықтың ортасына қарай жаһандық жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны соңғы 30 жылда ең төменгі деңгейге түсетіні айқындала бастады. Сонымен қатар жетекші елдер арасындағы сауда қатынастарының шиеленісуі – әлі де әлемдік экономиканың алдында тұрған негізгі сын-қатерлердің бірі. Протекционизм саясаты мен сауда дауларының ұшығуы жаһандық жеткізу тізбегін бұзып, экономикалық өсімді тежейді, сондай-ақ инвесторлардың сеніміне селкеу түсіреді. Жаһандық экономикаға дамудың жаңа парадигмасы керек екені анық. Бұл мәселені шеше алмасақ, таяу онжылдықтағы мүмкіндіктер қолымыздан сусып кетуі әбден ықтимал» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АЗИЯ РЕНЕССАНСЫНЫҢ»
ФАКТОРЛАРЫН АТАДЫ

Мемлекет басшысы орнықты дамудың жаңа дәуіріне қадам басар тұста Азия елдері көш бастап тұрғанына назар аударды. «Биыл Азия елдері әлемдік жалпы ішкі өнімнің 60 пайыз өсіміне қол жеткізеді деген болжам жасалып отыр. Дүниежүзілік сауданың 53 пайызы осы құрлықтың үлесіне тиесілі. Мұнда әлемнің ірі және қарқынды дамып келе жатқан экономикалары орналасқан. Соңғы жылдары Азияға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі едәуір ұлғайды. Сондай-ақ бұл аймақта патенттік әзірлемелердің 70 пайызына иелік ететін әлемнің жетекші технологиялық орталықтары бар. Құрлық айтарлықтай адами ресурсқа ие. Әлемдегі ірі 30 қаланың 21-і Азия құрлығында орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың тұтыну көлемінің өсімі 30 триллион доллар болмақ. Болжам бойынша оның 1 триллион доллары ғана батыс экономикасына тиесілі. Осы факторлардың барлығы мұның «Азия ренессансы» екенін көрсетеді» деді Президент.

Мемлекет басшысы алдағы жылдары жаһандық өсім мен дамуды ынталандыру ісін жалғастыру үшін Азия өңірінің мол әлеуеті бар екенін атап өтті. «Осы ретте Боао форумы жалпы ортақ экономикалық прогреске қол жеткізу жолындағы Азиялық инновациялық тәсілдің іске асқанын анық көрсетеді. Сондай-ақ бұл жиын Қытайдың жаһандық дамуға деген ұстанымының айқын символы ретінде танылды» деді Қазақстан Президенті.

ТИІМДІ
СЕРІКТЕСТІК ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы тиімді серіктестіктің үлгісі саналады. Еліміз Қытайдың Орталық Азиядағы негізгі сауда-экономикалық серіктесіне айналды. «Қытайдың аймақтағы сауда-саттығы мен салған инвестициясының тең жартысы Қазақстанның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 41 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл – тарихи рекордтық көрсеткіш. 2023 жылы елдеріміз арасындағы жүк тасымалының көлемі 22 пай-

«АЗИЯ РЕНЕССАНСЫ»
ӘЛЕМДІ
ТАҢҚАЛДЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 28-29 наурызда Қытай Халық Республикасына жұмыс сапарымен барып, Боао Азия форумының пленарлық сессиясына қатысты. Сапар аясында Қазақстан Президенті ҚХР басшылығымен, халықаралық ұйымдардың және Қытайдың ірі компанияларының жетекшілерімен бірқатар кездесулер өткізді.



ызға артып, шамамен 30 миллион тоннаға жетті. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған сапары кезінде «Бір белдеу, бір жол» ауқымды мегажобасын таныстырған болатын. Аталған жоба Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі көпір қызметін атқарады, ал Қытайдан Еуропаға құрлық жолымен тасымалданатын жүктің 80 пайызы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл маңызды артықшылықты біз толыққанды пайдалануға тиіспіз. Біздің өз инвестициямыз да «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен стратегиялық тұрғыдан сабақтас әрі заманауи, мультимодалды, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және орнықты инфрақұрылым құруға бағытталған» деді Президент.

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ
БАҒДАРЫМЫЗДЫ
ТҮСІНДІРДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде еліміздің жаңа экономикалық бағытына айрықша назар аударды. «Былтыр

еліміздің экономикалық өсімі 5,1 пайызды құрады. Бұл әлемдік экономиканың болжамды даму қарқынынан шамамен екі есе көп. Біз ортамерзімді перспективада экономиканың өсімін кемінде 6 пайыз деңгейінде ұстап тұруды және 2029 жылға қарай оның көлемін екі есе ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мен жаңа экономикалық бағытты жарияладым. Бұл бастама күшті әрі қарқынды дамыған мемлекет құруға бағытталған құрылымдық реформаларды жүзеге асыруды көздейді. Қазақстандағы ашық есік саясаты, мол ресурстар және либералды нарықтық реформалар көптеген шетелдік, соның ішінде қытайлық компаниялардың да назарын аударды. Осы орайда біз азиялық серіктестерімізді экономикамызға инвестиция құюға, өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын қарастыруға шақырамыз» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев фискалды және ақша-несие жүйесін жетілдіру, қаржы ағындарын кеңейту, институттардың сапасын арттыру шаралары

нарықтық және бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруға ықпал етеді, соның нәтижесінде аталған сала анағұрлым ашық, сенімді әрі қарқынды бола түседі деп санайды.

Алайда Президенттің пікірінше, бұл мақсаттарға қол жеткізіп, қазіргі жаһандық сын-қатерлерге төтеп беру үшін күш біріктірген жөн. Осы орайда Мемлекет басшысы бірқатар өзекті міндетті айқындап берді. Оларды іске асыру үшін бүкіл әлемдік қоғамдастық күш жұмылдыруы қажет.

ӘДІЛ, АШЫҚ
САУДА ЖҮЙЕСІ КЕРЕК

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемге әділдік пен ашықтық қағидаттарына негізделген жаңа әрі көпжақты сауда жүйесі керек. «Бүгінде сауда кедергілерінің көбеюі, протекционизм мен келісімдердің бұзылуы жаһандық экономикаға айтарлықтай қиындық туғызып отыр. Бұл түйткілдерді шешу үшін әділетсіз сауда кедергілерін жойып, цифрландыру арқылы жеткізу тізбегінің ашықтығын арттыру қажет» деді Мемлекет басшысы.

тұрғындарының шамамен үштен бір бөлігі әлі де азық-түлік тапшылығын сезініп отыр. Орталық Азияда бидай өндіру бойынша жетекші ел саналатын Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін жаһандық азық-түлік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдалануға ниетті. Біз мақсатты бағдарламалар жасау, бірлескен агроинновациялық орталықтар құру және инновациялық технологиялар трансферті арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тиіспіз. Ол үшін күш жұмылдыруымыз керек» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Азия елдері арасындағы көлік-транзит ынтымақтастығын нығайтудың стратегиялық мәні зор екеніне назар аударды. «Қолданыстағы және жаңа көлік бағыттарын дамыту үшін барынша күш-жігер жұмсау аса маңызды. Транскаспий халықаралық көлік бағыты немесе «Орта дәліз» осы санатқа жатады. Аталған көлік бағдары Азия мен Еуропа арасындағы жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін әлдеқайда тиімді қамтамасыз етеді. Былтыр осы бағыттағы жүк тасымалы екі есе артып, 3 миллион тоннаға жетті. Алдағы жылдары бұл көрсеткіш 10 миллион тоннаға жетеді деген болжам жасап отырмыз. Сондай-ақ Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамытуда көрші елдермен ынтымақтастық орнатуға дайын» деді Мемлекет басшысы.

ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ
НЫҒАЙТУ МАҢЫЗДЫ

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті жаһандық экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету үшін технологиялық ынтымақтастықты, әсіресе, жасанды интеллект саласындағы ықпалдастықты нығайту маңызды деп санайды. Бұл орайда Президент Қытайдың «Жасанды интеллекті басқару жөніндегі жаһандық бастамасын» қолдады.

Сондай-ақ Қазақстан бірлескен инновациялық IT-жобаларды жүзеге асыру мақсатында Азияның жетекші технологиялық алпауыттарымен серіктестік орнатуға мүдделі екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, шикізаттың аса маңызды түрлерін өндіру ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты саналады. «Сирек кездесетін металдар көптеген технология үшін аса маңызды компонентке айналды. Олар өнеркәсіп, цифрлық технологиялар, ғарыш және қорғаныс сияқты стратегиялық салаларда мүлдем қалдық болмайтын деңгейге жету үшін қажет. Біз уран, литий, титан және басқа да сирек кездесетін элементтердің ірі кен орындарын игерудің ең тиімді тәсілдерін қолдану мақсатында халықаралық серіктестермен бірлесіп жұмыс істеуді жалғастыра береміз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Азия өзінің экономикалық, технологиялық және мәдени артықшылықтарын пайдалану арқылы әлемнің келешек даму бағытын айқындауда шешуші рөл атқара алатынына сенім білдірді. Бұл ретте Президент Боао Азия форумы және Астана халықаралық форумы (AIF) сияқты маңызды халықаралық диалог алаңдарының практикалық перспективасы зор екенін атап өтті. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев БАФ қонақтарын 2024 жылдың маусым айында өтетін Астана халықаралық форумына шақырды.

«Нарықтық капитализациясы орасан зор Азиядағы алып облигациялар нарығы көптеген даму жобаларына қолдау көрсететін әлеуетке ие. Еуразиялық даму банкі жаңа қаржылық инвестициялық құрал ретінде панда-бондтардың бірінші легін шығаруды жоспарлап отыр. Бұл жаһандық инфрақұрылым жобаларын қаржыландыру үшін аса маңызды болуы мүмкін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚАЗАҚСТАН ТҰРАҚТЫЛЫҚА
ҮЛЕС ҚОСАДЫ

Сонымен қатар Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты ахуалға тоқталды. «Дүниежүзі



ПАН ГИ МУНДЫ ФОРУМҒА ШАҚЫРДЫ

Мемлекет басшысы БҰҰ-ның 8-ші Бас хатшысы, Боао Азия форумының төрағасы, Жаһандық жасыл даму институты (GGGI) Ассамблеясының Президенті Пан Ги Мунмен кездесу өткізді. Қазақстан Президенті Боао форумына қатысуға шақырғаны үшін Пан Ги Мунға ризашылығын білдіріп, оның БҰҰ Бас хатшысы қызметін атқарған кезде әлемдік қауымдастыққа елеулі еңбек сіңіргенін атап өтті.

«Менің пікірімше, Сіз Біріккен Ұлттар Ұйымы тарихындағы ең үздік бас хатшылардың бірі ретінде қызмет еттіңіз. Екі жарым жыл Сіздің жетекшілігіңізбен жұмыс істеу мен үшін керемет кезең әрі зор мәртебе болды» деді Президент.

Өз кезегінде Пан Ги Мун Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықаралық ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосқанын айтты. «Сіз Қазақстан Президенті ретінде өңірдегі бейбітшілік пен келісімді

сақтауға, адамзат пен БҰҰ-ның мүмкіндіктерін кеңейтуге белсенді атсалысып келесіз. Менің ойымша, Қазақстан Шығыс пен Батыс арасындағы аса маңызды көпір рөлін атқарып отыр. Сіз Шығыс пен Батыстың ахуалын жақсы түсінесіз. Бұл ретте тәжірибеңіз мол» деді Корея дипломаты.

Кездесуде халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, оның ішінде БҰҰ-ның жаһандық сын-қатерлерді тиімді еңсерудегі рөлі талқыланды. Бұдан

бөлек, Мемлекет басшысы Қазақстанның халықаралық бастамаларына да тоқталды. Бас Ассамблеяның 79-сессиясы аясында Қазақстан Франциямен бірлесіп, One Water саммитін өткізуді жоспарлап отыр. Сонымен қатар Астанада 2026 жылы Өңірлік климаттық саммит ұйымдастырылады.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Пан Ги Мунды алдағы Астана халықаралық форумына бас спикерлердің бірі ретінде қатысуға шақырды.



АСТАНА САММИТІНІҢ МАҢЫЗЫНА ТОҚТАЛДЫ

Боао Азия форумы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Шанхай ынтымақтастық ұйымының Бас хатшысы Чжан Минмен кездесу өткізді. Кездесу барысында ШЫҰ жұмысын дамыту және оны одан әрі жетілдіру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Президент Ұйымның «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты Астанада өтетін алдағы саммитіне Қазақстан тарапы ерекше мән беретінін жеткізді.

«Бізге тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу қажет деп ойлаймын. Өйткені қазіргі геосаяси ахуалды ескерсек, алдағы Астана саммитінің маңызы өте зор. Саммит барысын және оның аясында қабылданатын шешімдер мен келіссөздерді бүкіл әлем бақылап отырады. Білуімше, Ұйымға мүше мемлекеттердің басшылары аталған жиынға түгел қатысуға ниет білдірді. Ұйымдастырушы тарап ретінде Қазақстан саммиттің табысты өтуі үшін қолдан келген

шараның бәрін жасайды» деді Президент.

Өз кезегінде Чжан Мин Шанхай ынтымақтастық ұйымының әлеуетін арттыруға Қазақстан елеулі үлес қосып отырғанын атап өтті. «Ұйымның қазіргі төрағасы ретінде Қазақстанның үлкен күш-жігер жұмсап жатқанын және Жоғары мәртебелі Президент мырза, Сіздің ШЫҰ қызметін жетілдіруге айрықша мән беріп отырғаныңызды жоғары бағалаймын. Астана саммитінің сәтті өтетініне сенімдіміз» деді Бас хатшы.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ШЫҰ-ны өңірлік қауіпсіздік, сауда-экономикалық ықпалдастық және мәдени-гуманитарлық байланыс процестерін ынталандырудың тәртібін тегі ретінде қарастыратынын атап өтті. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев саммиттің қорытынды құжаттарының мазмұны бойынша егжей-тегжейлі жұмыс жүргізу маңызды екеніне назар аударды. Онда Ұйымға мүше барлық мемлекеттің көзқарасы мен ұстанымдары ескерілгені жөн.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРІЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Боаоға жұмыс сапары аясында Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзимен кездесу өткізді. Әңгімелесу барысында Президент жиынға шақырғаны және шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Қытай Халық Республикасының басшылығы мен Боао Азия форумының Хатшылығына алғыс айтты.



Мемлекет басшысы қазақ-қытай ынтымақтастығын мүлде жаңа деңгейге көтеруге тараптар бар күшін жұмсайтынын айтты. «Жалпы, Қытаймен арадағы достық пен ынтымақтастықты нығайту біз үшін негізгі басымдық саналады. Жан-жақты стратегиялық серіктестік қатынастарды дамыту мақсатында Үкіметтің барлық ведомствосын ҚХР-дың тиісті мемлекеттік ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуге бағыттаймыз. Бүгін форумда сөйлеген сөзімде екі елдің ынтымақтастығына, сауда-саттықты өркендетуге, Қазақстан экономикасында Қытай инвестициясының артып келе жатқанына байланысты нақты мысалдар

келтірдім. Әрине, мұның бәрі айрықша мәнге ие. Осы орайлы сәтті пайдаланып, Сізді Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы ретінде Қазақстанға ресми сапармен келуге шақыруымды тағы бір мәрте растағым келеді, – деді Президент.

Өз кезегінде Чжао Лэцзи Қасым-Жомарт Тоқаевқа ілтипат білдіріп, қазақ-қытай қатынастары қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. «Құрметті Президент Тоқаев мырза, Сізбен кезекті рет кездескеніме өте қуаныштымын. Ең алдымен, Сізге Төраға Си Цзиньпиннің шынайы сәлемі мен ізгі лебізін жеткізім келеді. Екіжақты қарым-қатынасты дамыту

жөніндегі жаңа әрі ауқымды жоспар айқындалды. Қытай тарапы мемлекеттер басшылары қол жеткізген маңызды уағдаластықтарды іске асыру, саяси сенімді нығайту және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу жолындағы өзара ынтымақтастықты тереңдету үшін қазақстандық әріптестерімен бірлесіп жұмыс істеуге дайын» деді Чжао Лэцзи.

Келіссөз барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективалары жан-жақты талқыланды, сондай-ақ көлік, өнеркәсіп, туризм және басқа да салалардағы бірлескен жобалардың іске асырылу барысы қарастырылды.

БАС ХАТШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Боао Азия форумының аясында Мемлекет басшысы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Бас хатшысы Матиас Корманмен кездесу өткізді. Қазақстан Президенті Бас хатшыға ілтипат білдіре отырып, оның Боао форумына қатысуы ЭЫДҰ-ның Азияға айрықша назар аударатынын дәлелдейді деп атап өтті.



«Бұл аймақты алып экономикалық қауымдастық дегуге болады. Сондай-ақ Қазақстан осы кеңістікте, кем дегенде, өңірлік өлшемде аса маңызды рөл атқарады. Форумда сөйлеген сөзімде ЭЫДҰ-мен арадағы ынтымақтастыққа ерекше мән беретініміз жөнінде айттым. Өкілдеріміз ЭЫДҰ комитеттерінің отырыстарына тұрақты түрде қатысады. Біз ұйымның ұсыныстарын ескеруге тырысамыз. Өздеріңізге мәлім, мен Қазақстанның экономикалық саясатын ЭЫДҰ-ның жоғары стандарттарына сәйкестендіру жөнінде мақсат қойдым» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы ЭЫДҰ-мен

ықпалдастық орнаған уақыттан бері Қазақстан бірқатар маңызды құжатқа қол қойғанын айтты. Бұдан бөлек, ЭЫДҰ-ның басқа да міндетті құқықтық институттарына қосылу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Өз кезегінде Матиас Корман ұйымның Азия елдерімен, соның ішінде Қазақстанмен жан-жақты қарым-қатынасты нығайтуға бейілді екенін растады.

«Қазақстан мен ЭЫДҰ арасындағы байланыстар өте жақсы дамып келеді деп ойлаймын. Болашақта бұл қатынастарды кеңейту және нығайту үшін мол әлеует бар. Қазақстан өз саясатын ЭЫДҰ-ның стандарт-

тары мен озық тәжірибесіне сәйкестендіруге ниетті екені қуантады. Сіздің реформаларыңыздың бағдарламаларына көмектесу және қолдау көрсету үшін бар күш-жігерімізді жұмсауға дайынбыз. Біз бүгінде алдымызда тұрған көптеген мәселені шешу мақсатында жаһандық ынтымақтастық деңгейін көтеруге мүдделіміз» деді ЭЫДҰ басшысы. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда Ұйымның өңірлік кеңсесін ашу жұмыстарын жалғастыру маңызды екенін айтты. Сондай-ақ ЭЫДҰ өкілдерін алдағы Астана халықаралық форумына қатысуға шақырды.

№38 (4626) 30/03/2024 Сенбі

АХУАЛ ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА



Премьер-министр Олжас Бектенов Солтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Үкімет басшысы бағдарлама шеңберінде коммуналдық-энергетикалық сектор және жол инфрақұрылымы нысандарының, сондай-ақ бірқатар жеңіл және өңдеу өнеркәсібінің жұмысымен танысты. Өңірдегі су қоймаларының жай-күйі мен су тасқынына қарсы іс-шараларды сапалы әрі уақтылы жүргізу жұмысына ерекше назар аударылды.

«Еліміздің бірқатар өңірлерінде су деңгейі көтеріліп, су тасқыны орын алды. Барлық күштер жұмылдырылды. Республикалық және өңірлік жедел штабтар тәулік бойы жұмыс істеуде.

Қазіргі таңда Төтенше жағдайлар, Ішкі істер, Қорғаныс министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнаулы күштері мен құралдары – барлығы 4 мыңға жуық адам, 1,3 мыңнан астам

техника су тасқынына қарсы жұмыстарға тартылды. Жол қатынасы қиын жерлерде адамдар тікұшақтармен эвакуацияланды. Жұмыстар қауіп толық сейілгенше жалғасады. Жағдай қатаң бақылауда. Зардап шеккендерге Үкімет және әкімдік тарапынан қажетті көмек көрсетіледі» деді Олжас Бектенов.

Сапар барысында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр мен Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әріновтің, жекелеген өңірлер әкімдерінің баяндамалары тыңдалды. Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, жұмыстарға жеке құрамнан 2500 адам, 700-ге жуық техника, 290-нан астам су айдау және жүзу құралдары жұмылдырылған. Жұмыстар іс-қимыл алгоритміне сәйкес жүргізілуде. «Жедел желі» телефондары: ТЖМ 8 717 2 70 41 14, сонымен қатар өңірлік байланыс орталықтары жұмысын жалғастыруда. Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Павлодар, Абай, Ұлытау облыстарында және Астана қаласында республикалық және облыстық жедел штабтар жұмыс істейді. Төтенше жағдайлар министрлігіне өңірлердің әкімдіктерімен бірлесіп, су тасқынына қарсы жұмыстарды жалғастыру және елдегі ахуал туралы тәулік сайын есеп беру тапсырылды.

ЖАҢАША ТОЙЛАНҒАН МЕРЕКЕ

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен елордада «Астана Наурызы» атты мерекелік кеш өтті. Кеш барысында Наурыз мейрамы кезінде бас қалада атқарылған жұмыстар мен оның қорытындысы көпшілік назарына ұсынылды.

Индира
БЕРЖАНОВА

Биыл Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде Наурызнама тұжырымдамасы бекітілді. Оған сәйкес 14-23 наурыз аралығында халықтық мерекені тойлауға арналған Наурызнама онкүндігі жарияланды. Бұл онкүндік аясында төл мерекемізді тойлаудың жаңа дәстүрлерін қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттап, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуде қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы бірқатар іс-шаралар кешенін өткізді. Әр күннің мазмұны мен тақырыбына сай елордада түрлі акциялар мен іс-шаралар ұйымдастырылып, терең мән-мазмұнға ие болды.

«Наурызнама онкүндігі барысында елордада бірқатар жобалар өткізілді. Атап айтар болсақ, «Қазақша Quiz» интеллектуалды сайысы, «Тіл жанашыры» акциясы, қаланың орталық алаңдарында салт-дәстүрді насихаттауға байланысты елордалықтар ауқымды іс-шаралардың куәсі болып, мерекелік көңіл-күйді толық сезіне алды десек болады. Елорда әкімдігі қолдауымен өткен іс-шаралардың бірінде 100 мыңнан астам адам бас қосты. Бұл көрсеткіш – көпшіліктің ұлттық құндылықтарды ұлықтап, бағалауының көрінісі» деді өз сөзінде



қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Әділ Орынбасарұлы.

Зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылардың қатысуымен өткен кеште сондай-ақ рухани құндылықтарымызды ұлықтап, қазақ тілінің мәртебесін көтеруде елеулі еңбек етіп жүрген бір топ тіл жанашырлары марапатталды. Солардың бірі – елордалық бапкер, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мұхит Амантаев.

«Наурызнама онкүндігі дәстүрге берік болып, қазақы қалпымызды

сақтап қалудың маңызын дәлелдеп берді. Әсіресе, өз тілімізде сөйлеп, ұлттық құндылықтардан ажырап қалмаудың мәні орасан. Себебі кез келген елдің жойылуы біріншіден, төл құндылықтардың жойылуымен байланысты. Ата-баба аманаты өскелең ұрпақтың ұлтжанды болуымен сақталады» деді спорт жаттықтырушысы.

Мерекелік кеш барысында көпшілік үшін театрландырылған қойылым көрсетіліп, «Шалқыма» би ансамблі өз өнерін паш етсе, ақын Мейірбек Сұлтанхан Наурыз туралы арнауын тарту етті. Кеш соңы концерттік бағдарламамен аяқталды.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ҮЙРЕТЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін былтырдан бастап «Аманат» партиясы азаматтарға қаржылық білім беру мақсатында «Қарызсыз қоғам» жобасын іске асыра бастады. Аталған жоба аясында Астана қаласы бойынша, биыл 9300 азаматты қаржылық сауаттылыққа оқыту жоспарланып отыр. Бүгінгі күнге дейін 1500 астаналық аталмыш семинарларда дәріс алды.

«Қарызсыз қоғам» жобасын жүзеге асыру үшін алты бағыт жасақталған. «Аманат» партиясы Астана қаласы филиалы атқарушы хатшысының міндетін атқарушы Мұхаммед Болысбек жобаның негізгі бағыттарын атап өтті.

«Бірінші бағыт бойынша «Қарызсыз қоғам» білім беру жобасының ауқымын кеңейту үшін ынтымақтастық меморандумы жасалды. Екінші бағыт – жобалар командаларын құруға арналды. Үшінші бағыт – халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған. Ал төртінші бағыттың мақсаты – азаматтардың банктік қарыз-

дары мен шағын несиелері бойынша проблемалық берешектерін реттеу болып саналады. Сондай-ақ бесінші бағыт жұмыспен қамту және бизнес жүргізу мәселері бойынша кеңестер беруге және алтыншы бағыт заңнаманы жетілдіруге арналған» деді спикер.

Жоба ұйымдастырушыларының мәліметінше, қаржылық сауаттылықты арттыруға арналған курстар бес күнге созылады әрі тегін оқытылады. Мамандардан құралған топ тек қалаларда ғана емес, сегіз аймаққа бағытып, соның ішінде ауылдық жерлерде оқу семинарларын өткізді. Онда



азаматтар кірістер мен шығыстарды жоспарлау, несиелерді өтеу мен тәуекелдерді басқару, сондай-ақ жинақ

ақшаларын қаржы құралдарына сауатты салу бойынша білім алуға мүмкіндік алады. Мұнда тек кеңес алып қана

АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...

ЕРТЕРЕК ЕСКЕРУ КЕРЕК ЕДІ...

Биыл Қазақстанның бірқатар өңірлерін су басып, қыстың соңы апатқа ұласты. Қыстай күн құрғатпай қарын тазалап, мұзын ойып шығарып тұрған Астананың өзі күн күрт жылынғанда қала көшелері көлкіген суға айналды. Ал астана төңірегіндегі Қоянды, Қараөткел елді мекендерін су басып, тұрғындар қарғын судың ортасында қалды. Кейбір облыстарда жолдарды су шайып, өрістегі мал да суға кетіп жатыр.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Әрине, Төтенше жағдайлар министрі ақпан айының ортасында су тасқыны қауіп жоғары өңірлерді атап, ерте дабыл қаққанымен, көп өңірлер сел апатына дайын болмай шықты. Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев «биыл қыста қар мол түсіп, кей аймақта қалыңдығы екі метрге жетті, яғни тасқын болатыны анық еді, бірақ Үкімет пен әкімдіктер апаттың алдын алуға дайын болмады. Өңірлердегі гидротехникалық құрылыстар тозған және қараусыз қалған» дейді. Төтенше жағдайлар министрлігінің дерегі бойынша, елде 537 гидротехникалық құрылысты жөндеу қажет, оның 8-і – иесіз. 200-ден астам бөгеттің құжаты жоқ және олардың техникалық қауіпсіздік деңгейі қандай екені беймәлім. Оның үстіне, жыл сайын тасқыннан соң миллиардтаған қаражат бөлінсе де, бұл алдағы жылдарды қамтамасыз етуге жұмсалмай келеді. Яғни көп жұмыс көктемгі тасқын мезгілінен өтіп алу тұрғысынан ғана жасалады, ұзақ мерзімді жоспармен, стратегиялық тұрғыдан істеліп жатқан жұмыс жоқ.

Соңғы жылдары елімізде су ағарларға заңсыз құрылыстар салып, су жолын бөгеп тастайтын жағдай да

жиіледі. Оны біртұтас жоспар бойынша қадағалап отырған әкімдік те, құзырлы орган да жоқ. Көшелерде, ауыл араларында еріген қар суы мен жаңбыр суы ағып кететін арық-тоған желісі жоқ, бар болса да көбі көзбояушылықпен жасалған. Жол салғанда, ауыл көшелерін асфальттағанда су мәселесі ескеріліп, су өтетін көздер қалдырылмайды да, көтеріңкі салынған жолдар табиғи түрде ағын суды бөген, көктем сайын жол жағасы, ауыл арасы көлкіген көк теңізге айналады.

Сонымен қатар, елімізде ауа райының жағдайына қарай дайындық жасау жағы да әлсіз. Мәселен, биыл күзде жаңбыр көп жауып, қыс басында қара суық қатты болды. Сонымен жердің тоң қабаты қалыңдап, бір метрге дейін тоң жүрді де, көктемде күн күрт жылынғанда жер жібімей, қарғын су жерге сіңбей аққан су селге айналды. Демек, біздің ел көктемгі селдің жердің тоңымен де қатысты екенін ескерген жоқ.

Қысқасы, Қазақстанда су тапшы деп зарлағанымызбен, көктемде бейберекет ағатын қарғын суды басқаруды, сақтауды үйрен алмай келеміз. Су тасқынынан сақтанудың ұзақ мерзімді жобасы жасалып, ол мемлекет тарапынан қадағаланбай, қарғын судың қыспағынан құтылмаймыз.

АЛИМЕНТТЕН ЖАЛТАРҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛДЫ

Астана қаласында алимент төлеуден жалтарып жүрген 43 адам жауапқа тартылды.

Қалалық Әділет департаментінің мәліметінше, 2024 жылдың бірінші тоқсанында Астана қаласының Әділет департаментінің Әкімшілік тәжірибе бойынша аумақтық бөлімі борышкерлерге қатысты 102 хаттама жасады. Оның 43-і алимент төлеуден жалтарған борышкерлерге қатысты болса, берешек сомасын өндіріп алу жөнінде 53 әкімшілік хаттама қаралды.

Астана қаласының Әкімшілік

құқық бұзушылық жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының қаулысына сәйкес алимент бойынша, 10 борышкер 1-ден 5 тәулікке дейін қамауға алу түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Әкімшілік мерзімін өтеу үшін борышкерлер Астана қаласы полиция департаментінің арнайы қабылдау мекемесіне жеткізілді. Бұдан басқа, 82 борышкер әкімшілік айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылды.



Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

ТЕГІН ҮЙІРМЕЛЕРГЕ ҚАНША БАЛА БАРАДЫ?

Кеше Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимовтың төрағалығымен өткен елорда мәслихатының кезекті сессиясында бір-қатар маңызды мәселе қаралды. Соның негізгісі: мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыру мәселелері бойынша қала әкімінің орынбасары Есет Байкен баяндама жасады.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап елордада балаларға арналған үйірмелердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс іске асуда. Жобаны іске асыру басталғаннан бері, яғни 3 жыл ішінде шығармашылық тапсырыс бойынша 26 мыңнан астам баланы тегін шығармашылық үйірмелерімен қамтуға мүмкіндік берілді. Осы бағытта бюджеттен 10 миллиардқа жуық қаржы бөлінді. Қазір елордада шығармашылық бағыттардың 50 түрі бойынша 713 үйірме бар. Оған 343 жеткізуші қызмет көрсетеді, – деді Есет Байкен.

Оның айтуынша, мемлекеттік спорттық тапсырыс аясында тегін үйірмелермен 26 мыңнан астам бала қамтылды. Бағдарлама басталғалы бұған қала бюджетінен 11,7 млрд теңге бөлінді. Қазір спорттың 31 түрі бойынша 930 секция жұмыс істейді, ал қызметті жеткізушілер саны – 337.

2021-2022 жылдары мемлекеттік шығармашылық тапсырыс «Артспорт» платформасында жүзеге асты. Өткен жылдан бері бұл тапсырыс «Даму бала» платформасында іске асуда. Жалпы мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысқа осы жылдың жартыжылдығына 8 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы

52 мың ваучерді, яғни осыншама баланы қамтуға бағытталған. Ал жалпы биыл тиісті жұмысқа қала бюджетінде 14 млрд теңге қарастырылған.

Қала әкімінің орынбасары алдында бұл бағытта бірқатар мәселе туындағанын, әкімдік оларды сәтті шеше білгенін мәлімдеді. Атап айтқанда, 2023 жылға дейін ваучерлер тек қана «Артспорт» платформасында берілетін. Сол уақытта қызметті жеткізуші өте көп тапсырыс орналастырып, қала бюджеті оны көтермей қалды. Тапсырыстар белгіленгеннен екі есе асып кеткен. Соған қарамастан, қалалық мәслихаттың қолдауымен қала әкімдігі бұл мәселені шешті. Сондай-ақ ваучерлер, қызметті жеткізушілер бойынша да проблемалар туындаған. Олар да шешілді.

– Қазір елордадағы көпшілік мен сәбилердің дүниеге

келу деңгейі баршаға белгілі. Бақытымызға орай, жыл сайын астанада 35 мыңнан астам бала туады. Бұған қоса, осыншама бала өңірлерден көшіп келеді. Яғни ішкі көші-қон жақсы дамыған. Биыл, мәселен, 1-сыныпқа 30 мыңнан астам бала қабылдауды жоспарлап отырмыз. Бұдан бұрын 20 мың бала алғаш мектеп табалдырығын аттайтын. Сондықтан мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысқа сұраныс одан сайын артады деп болжап отырмыз. Сол кезде бюджеттен оған бөлінетін қаржы да көбейеді, – деді Есет Байкен.

Оның айтуынша, қазір деректерді талдау және басқа ақпараттық жүйелермен біріктіру бойынша қалалық Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы, Дене шынықтыру және спорт басқармасы, Мәдениет басқармасы бірігіп жұмыс

істеп жатыр. Атап айтқанда, «Миңдаль», «Индиго» және өзге де қосымша білімге қатысты платформалар «Даму бала» платформасымен бірігеді.

– «Даму бала» платформасы қала әкімдігінің серверінде орналасқан. Яғни әкімдіктің мүлкі, ондағы мәліметтер ешқандай жоғалмайды. Тиісті ереже бойынша бір балаға бір ваучер берілуі керек. Қазір қалада бір балаға екі ваучер берілгені, яғни ол тегін екі үйірмеге барады деген әңгіме айтылып жатыр. Әлеуметтік шиеленіс пен тұрғындардың наразылығын тудырмас үшін қатардағы спортшылар мен шығармашылықпен айналысатын балалардан артық ваучерлерді алып қоймадық. Бірақ болашақта ақпараттық жүйелер біріктірілгенде, бұл мәселе мұқият қадағаланады, – деді әкім орынбасары.

жеткізушілер де көбірек табыс тауып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік алар еді, – деді Есет Байкен.

Қала әкімінің орынбасары мемлекеттік спорттық тапсырысты іске асыру бойынша коммуналдық мемлекеттік мекеме құру қажеттігі туындағанын жеткізді. Өткен жылы қала мәслихатының қолдауымен қалалық Мәдениет басқармасының жанынан мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыратын осындай мекеме ашылғанын баяндады. Бұл дирекция тегін үйірмелер бойынша қаржы операцияларын жүргізіп, сапаны бақылайды.

Астана қаласы мәслихатының депутаты, мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия мүшесі Сәуле Самидин балаларға қосымша білім беру және спортқа бейімдеу мәселелеріне тоқталды. Оның мәліметінше, Астана қаласында қазір спортпен 50 мыңға жуық бала немесе олардың жалпы санының 15,9 пайызы айналысады. Соның 10,7 пайызы «Артспорт» платформасы арқылы тегін үйірмелерге барады. Депутат ерекше қажеттілігі бар балаларға ваучер беру мәселесін көтерді.

Қалалық мәслихаттың басқа да депутаттары мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс мәселесіне өз көзқарасын білдіріп, қала әкімінің орынбасарына сұрақтар қойды, сауалдарына тиісті жауаптар алды.

СЫРҚАТТАНУ СЕБЕБІ – ЕКПЕ ҚАБЫЛДАМАУ

Бүгінгі таңда балалар жұқпалы аурулар ауруханасында барлығы 380 бала емделіп жатыр. Олардың арасында 56 бала қызылшадан, 4 бала көкжөтелден және 4 бала А вирустық гепатиті бойынша ем қабылдап жатыр. Бұл туралы коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Досмырзаева мәлім етті.



Айтуынша, балалар арасында қызылшамен сырқаттану төмендеуде. Мәселен, егер сырқаттанудың өршуі – күзгі және қысқы кезеңде қызылшамен 200-ге жуық бала түссе, бүгінде бұл көрсеткіш 4 есе төмендеді.

– Қызылшамен де, көкжөтелмен де сырқаттанудың себебі – халықтың дер кезінде вакцина қабылдамауы. Айта кету керек, ауруханаға түскен балалардың 95%-дан астамы вакцина алмағандар. Бұл көрсеткіш – аурудың алдын алуда халықты жұқпалы ауруларға қарсы иммундау маңызды рөл атқаратынын дәлелі, – деді Гүлназ Досмырзаева.

Жалпы жіті респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) және қызылша ауруларына медициналық көмек көрсету үшін емханаларда сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс күндері және демалыс күндері сүзгі кабинеті жұмыс істейді. Сондықтан тұрғындар тек стационардың қабылдау бөлмесіне ғана емес, тіркелген жердегі емханаға да жүгіне алады.

– Ұлттық күнтізбе бойынша вакцинамен басқарылатын инфекцияларға қарсы жоспарлы вакцинация жүргізіледі, екпе кабинеттері жұмыс күндері сағат 08.00-ден 18.00-ге дейін жазылусыз жұмыс істейді. Өзіңіздің және балаларыңыздың денсаулығын сақтау және қызылша ауруының алдын алу үшін вакцина алуға шақырамыз! – деді ведомство өкілі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІН БҰЗУ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтерді алу кезінде көрсетілген қызметті алушылардың құқығын қорғау үшін белсенді шаралар қабылдайды.

Ағымдағы жылы департаментке 50-ден астам шағым келіп түсті, оның ішінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін бұзу фактісі бойынша 3 шағымды қарау қорытындысымен өтініш берушілердің дәлелдері расталды, нәтижесінде қызмет алушылардың құқығын қалпына келтіру және кінәлі тұлғаларға тәртіптік жазаны салу бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Мәселен, ағымдағы жылдың наурыз айында департаментке А. азаматша «Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, есепке алу және есептен шығару, сондай-ақ көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктер мен мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін беру» мемлекеттік қызметін алу кезінде қызмет көрсету мерзімін бұзғаны және әуре-сарсаңға салғанына қатысты шағыммен жүгінді.

Өз кезегінде департаментпен қызмет алушының құқығын қалпына

келтіру бойынша тиісті шаралар жүргізілді.

Дер кезінде қабылданған шаралардың қорытындысы негізінде өтініш берушінің мәселесі шешілгендіктен, шағым қайтарып алынды.

Халықпен кері байланыс орнату мақсатында, сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқығының бұзылуына жол бермеу және туындаған проблемалық мәселелеріне жедел ден қою мақсатында құрылған «Онау қызмет Астана» өңірлік Telegram-арнасы ашылды, ол – мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы байланыс жолсерігі ғана емес, сонымен қатар елорда азаматтарының проблемалық мәселелеріне жедел ден қою құралы.

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде құқық бұзылған жағдайда азаматтар департаментке жазбаша түрде Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша немесе «Е-өтініш» азаматтардың барлық өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы электрондық түрде жүгіне алады.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Астана қаласы бойынша өкілі Баян Жалмағанбетова Еңбек мобильділігі орталығында елорда тұрғындарымен кездесіп, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған аналардың атаулы әлеуметтік көмек алуда кездесетін кедергілерімен және басқа да түйткілді мәселелерімен танысты.

Гүлбаршын ӘКЕШҚЫЗЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел әрі тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде билік пен қоғам арасындағы байланыс механизмдерін жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға ҚР Адам құқықтары жөніндегі Ұлттық орталығының бас инспекторы Гүлнара Жанбекова, Еңбек мобильділігі орталығының заңгері Дастан Кәкімжанов, «Мансап» орталығының атаулы әлеуметтік көмек бойынша маманы Гүлжан Сәрсенбаева, елорданың Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандарының жұмысқа орналастыру бөлімінің жетекшілері мен үкіметтік емес ұйымдар өкілдері қатысты.

– Осы қызметке тағайындалғаным бір айдай уақыт болды. Қазір еңбек ұжымдарымен кездесіп, құқықтық марафон өткізіп жүрмін. Білім басқармасының өкілдерімен, зейнеткерлермен, қарапайым тұрғындармен кездестім. Онда айтылған жеке мәселелерді қарастырып, тиісті құзырлы органдарға жіберемін. Барлық мәселелер бойынша он бес күн ішінде шешім қабылдауға тырысамыз. Біз қазір Жеңіс даңғылы, 15 мекенжайда орналастық. Шешімі қиын өзге де мәселелер бойынша осы жерге келіп, өтініш қалдыруға болады. Мүмкіндігінше әрқайсыңызға көмектесуге әзірміз. Жалпы, мұндай кездесулер халыққа жақын болып, оларға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін қажет, – деді Баян Өмірзаққызы.

Кездесуге келген тұрғындар инвалидті, мүгедек жандардың тұрғын үйі ала алмай, атаулы әлеуметтік көмек сынды әлеуметтік мәселелерді көтерді. Сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша

бірқатар ұсыныстарын ортаға салды.

Астаналық төрт баланың анасы Ақбота Есентұрлы тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркеу мәселесінен қиындық көріп жүргенін, белгілі мөлшерде ақша төлеп уақытша тіркеуге тұрғанымен, жекеменшік үй иелерінің оны ескертпестен тіркеуден шығарып тастайтынын, салдарынан денсаулығына байланысты квота ала алмай отырғанын алға тартты.

– Кенже қызым сал ауруымен ауырады. Мүгедек баланы аяққа тұрғызып деп жүріп, денсаулығым сыр берді. Екі бүйректің қызметі бұзылған, ауруханаға жиі түсіп қалатын болдым. Астанаға осыдан он жыл бұрын онтүстік өңірден көшіп келгенбіз. Содан бері өз үйіміз болмағандықтан, әркімнің босағасында, пәтер жалдап келеміз. Осы уақытқа дейін әркімге 20 мың төлеп, уақытша тіркеуге тұрып келдік. Үй иесі келіспегендіктен, кәсіпкермен келісімшарт жасасамыз. Алайда жеке кәсіпкерлер ауызша келісімді бұзып, бір жылға жеткізбей, өзімізге ескертпестен тіркеуден шығарып тастайды. Бір жыл бұрын үйдің кезегіне тіркелгенбіз. Тіркеуден үнемі шығып қалу үйдің кезегіне әсер етеді. Бүгінде не өз денсаулығыма қарарымды, не қызымды аяққа тұрғызуды білмей, қиналып кеттім. Тіркелу мәселесі – елордадағы өзекті мәселенің бірі. Пропискам болмағандықтан, квота ала алмай отырмын. Осы мәселені қалай шешуге болады? Тұрғылықты жері бойынша уақытша тіркеуге қоятын орталықтар жоқ па? Өзім жұмысқа шыға алмаймын, жолдасым жалғыз жұмыс істейді. Қызымның мүгедектігіне берілетін жәрдемақы мен оны күтуіме байланысты алатын жәрдемақыны қосқанда отбасылық табысымыз 1800 теңгеге асқандықтан, атаулы әлеуметтік көмек ала алмай отырмыз. Не істеуім керек, қандай кеңес бересіздер? – деді Ақбота Есентұрлы.

Мамандардың мәлімдеуінше, бү-

гінгі күні елордада уақытша тіркеуге қоятын орталық жоқ. Заңгер Дастан Кәкімжанов қолданыстағы заңға енгізілетін өзгерістер бойынша үй жалдап отырған жеке кәсіпкерлер көлеңкелі бизнестен шығып, ресми кәсіппен айналысатынын, сол кезде бұл мәселелер реттелетінін, бұл өзгеріс биыл өз күшіне енуі мүмкін екенін ескертті. Ал атаулы әлеуметтік көмек бойынша маман Гүлжан Сәрсенбаева қолданыстағы заңға сәйкес атаулы әлеуметтік көмек отбасылық табыс шекті мөлшерден аспаған жағдайда ғана тағайындалатынын жеткізді.

Одан әрі сөз алған үш баланың анасы Зарина Қуандыққызы екі баласының мүмкіндігі шектеулі екенін, жолдасы тастап кеткенін, аутист балалармен автобуста жүрудің оңай еместігін, инваксия қызметіне жүгінудің мүмкін болмай тұрғанын айтса, Саодат Абулова тегін емес, ипотекана аз пайызбен тұрғын үй ала алмай жүргенін және сегіз баланың анасы Ақжан Ақшабекова атаулы әлеуметтік көмек алудағы қиындықтарға тоқталды. Аталған мәселелерге қатысты үкіметтік емес ұйымдар өкілдері де өз пікірлерін білдірді.

«Бақыт сыйла» қоғамдық қорының төрайымы Перуаш Әбдікәрімованың айтуынша, бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған аналардың басында проблема көп. Олардың көпшілігі атаулы әлеуметтік көмек алайын десе, мүгедектікке байланысты берілетін жәрдемақысы шекті мөлшерден асып кетеді де, оны да ала алмайды, ал мемлекеттен үй алайын десе, төлем қабілеті жоқ болып шыға келетінін айтқан ол даулы мәселені шешу үшін заң шығаруға білімді, білікті, тәжірибесі мол эксперттер қатысса деген ойын ортаға салды.

– Мемлекет мүгедектердің құқықтары туралы конвенция нормаларын іске асыру бойынша үлкен жүйелі жұмыс жүргізуде. Парламент жыл сайын депутаттардың қатысуымен мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған заңдар қабылдауда. Инклюзия сапасын бақылау және жалпы мүгедек адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында билік бұқараға барынша жақын болуы үшін осындай кездесулер ұйымдастырылады. Бұл мәселелер тек Астанада ғана емес, барлық өңірге тән, кездесуде көтерілген арыз-шағымдар мен ұсыныстар құзырлы орындарға жеткізіліп, талқыланатын болады, – деді Баян Жалмағанбетова.

Кездесу соңында қатысушылар осындай ашық пікір алмасулар тоқсан сайын ұйымдастырылып, оған министрлік өкілдері мен қалалық мәслихат депутаттары қатысса деген ортақ тұжырымға келді.

Астанада азық-түлік бағасын ұстап тұру үшін 13 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы қалалық коммуникациялар алаңында өткен баспасөз мәслихаты барысында Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаев мәлімдеді.

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ТҰРАҚТЫ МА?

– Бүгінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу үшін бюджеттен 13 млрд теңге бөлінді. Қала әкімдігі әлеуметтік маңызды азық-түліктің барлық 19 түрі бойынша 25 мың тоннаның өніміне келісімшарт жасаған. Олардың басым бөлігін көкөністер құрайды және бағаның көтерілуіне жол бермеуге септігін тигізіп отыр, – деді Мақсат Жанабаев.

Айтуынша, қазіргі уақытта елордада өткен жылдың өнімінен 5,4 мың тонна картоп, 919 тонна сәбіз, 2 мың тонна пияз, 1,2 мың тонна қырыққабат бар. Бұған қоса, 2024 жылдың мамыр мен шілде айларында тағы да 1 350 мың тонна көкөніс алуға келісімшарт жасалмақ.

Сондай-ақ Астананың Сарыарқа ауданында екі жаңа базардың құрылысы жүріп жатыр. Инвестициялардың жалпы сомасы 10 млрд теңгені құрады. Басқарма басшысы орынбасарының мәлімдеуінше, базарлар жеке ақшаға салынууда. Олар 2025 жылы пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

Сауда инфрақұрылымын дамыту аясында 180 млрд теңгеден астам сомаға 10 жоба (сауда орындары, қойма кешендері, көкөніс қоймалары) іске асырылып жатқанын айта келе, Мақсат Жанабаев мысал ретінде ауданы 10 мың шаршы метр және кез келген санаттағы 700 мыңға дейін түрлі тауарларды (Тамақ өнімдерінен электроника мен құрылыс матери-

алдарына дейін) сақтау мүмкіндігі бар пайдалануға берілген Озон логистикалық орталығын атап өтті.

– Бұдан басқа, қуаттылығы 150 мың шаршы метрді құрайтын 47 млрд теңгеге ұқсас кешен салу үшін Wildberries компаниясын тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл шаралар елордада электрондық сауданы дамытуға ықпал етеді, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Оның айтуынша, Астанада 35-ке жуық ірі интернет-сауда алаңдары (маркетплейстер) жұмыс істейді. Табыс көлемі бойынша негізгі ойыншылар: Kaspi, Wildberries, OZON, Magnit және OLX.

Сонымен бірге Астана қалалық сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті басшысының орынбасары Ғалымжан Илиясовтың сөзінше, елордада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын негізсіз көтерген 32 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– Сауда комитеті мен Астана қалалық экономикалық тергеу департаментінен келіп түскен материалдар бойынша осы жылдың 1-тоқсанында 32 кәсіпкер «Сауда қызметін реттеу туралы» заңнамасын бұзғаны үшін ӘҚБтК-нің 204-4-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде 1 млн 218 мың теңгеге 8 айыппұл салынды. 10 кәсіпкерге қатысты материалдар қаралып жатыр, – деді департамент басшысының орынбасары.



КӨЛІК КАРТАСЫН ПАЙДАЛАНҒАН ЖӨН

2020 жылдың 28 наурызынан күні бүгінге дейін 86 млн-ға жуық 18 жасқа дейінгі астаналық оқушылар қалалық қоғамдық көлік қызметін тегін пайдаланды.

Жақында мектеп оқушылары көктемгі демалысты аяқтап, оқудың соңғы тоқсанына кіресі. Осы кезеңде мектеп көлік картасын валидациялауда ұқыпты болғаны дұрыс. Бұл дегеніміз оқушылардың сапарын анықтап қана қоймай, автобустар санын көбейтуге, маршруттарға бөлуге, жаңа бағдарларды іске қо-

суға, жолаушылар ағынын есептеуге септеседі. Қажет болған жағдайда, баланың сапарларын қадағалауға көмектеседі. Бұл баланың қауіпсіздігі үшін өте маңызды.

Сол себепті де ата-аналар балаларының мектепке барар алдында көлік картасының бар-жоғын қадағалап, оны дұрыс қолдануды түсіндірген жөн.



МЕКТЕП КӨЛІК КАРТАСЫМЕН
85 988 426 САПАР ЖАСАЛДЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды:

- «Нұра» ауданы, Тұран даңғылы, 17 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан жер учаскесінде «Кіріктірілген коммерциялық үй-жайлары мен паркінгі бар әкімшілік ғимараттан» «15 қабатты әкімшілік ғимаратқа», тапсырыс

беруші «LEO INVEST (ЛЕО ИНВЕСТ)» ЖШС;

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 23 сәуірде, сағат 11:00-13:00-ден бастап Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Бекітілген нысан бойынша дәлелді пікірлер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей p.galymzhan@astana.kz электрондық поштаға немесе қолма-қол Астана қаласы, А.Мәмбетов көшесі, 24 үй мекенжайы бойынша арналған жәшік арқылы жіберуге болады.

2024 жылғы 26 наурыздағы Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымына сәйкес «Comfort Partners» ЖШС (БСН 130740018360, мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Әуезов көш, 8-үй, 609-каб.) оңалту туралы іс қозғалды.

Райхан
РАХМЕТОВА

ЕЛОРДА МЕДИЦИНАСЫНДА ҚОРДАЛАНҒАН МӘСЕЛЕ ҚАНДАЙ?

Министр алдымен қаладағы №1 қалалық балалар ауруханасы, №2 перзентхана, №6 емхана, «Салауатты Астана» медициналық орталығына барды. Соның ішінде ең ірісі 90 мыңнан астам тұрғын тіркелген Астана қаласының №6 қалалық емханасында дәрігерлерімен алғашқы деңгейде медициналық көмек көрсету сапасына байланысты бірқатар проблемалық мәселелер талқыланды. Мұнда жалпы практика дәрігерлерінің біліктілігін арттыру, оларды негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстардан босату, емдеу процесіне көбірек көңіл бөлу қажеттігі атап өтілді.

– Күшейтуді қажет ететін тағы бір маңызды бағыт – емханалардағы пациенттерді қолдау қызметтері, олар шағымдар мен өтініштердің түсуіне жол бермей, жергілікті жерлерде тиімді ыңғайлы коммуникацияларды үйретіп, қамтамасыз етуі тиіс. Емханадағы пациенттер наразылығының негізгі себептері – арнайы мамандардың және аспаптық диагностиканың қолжетімсіздігі, сондай-ақ бекіту және дәрігерлердің науқастардың үйіне бару мәселелері, – деді министр.

Әрі қарай министр шақыртулардың төртінші санатына қызмет көрсететін емхана жанындағы жедел жәрдем қызметінің жұмысымен танысты. Шұғыл көмекті орталықсыздандыруды және аудандық деңгейге қайтаруды ескере отырып, осы практикаға талдау жасау және тиімділік жағдайында ірі МСАК нысандарында шұғыл науқастарға қызмет көрсетудің осындай тәжірибесін көбейту тапсырылды. Талқыланған келесі тақырып – мектептегі профилактикалық тексерулер, атап айтқанда, балалардың жалпы стоматологиялық аурулар профилактикасының сапасы, білім беру мекемелеріндегі гигиена кабинеттерін қалпына келтіру туралы болды. Дәрігерлер өз кезегінде медициналық ақпараттық жүйелердің жұмысы бойынша шағымдарын айтып, жалпы практика дәрігерлеріне пациенттердің кезектілігін төмендету жөнінде ұсыныстар берді. Бұдан әрі министр жалпы бекітілген 70 мың тұрғыны бар «Салауатты Астана» ЖШС медициналық орталығының жұмысымен танысты. Мұнда арнайы мамандардың жетіспеушілігі, пациенттердің шағымдарымен жұмыс істеу бойынша мәселелер сөз болды. Скринингтерді

Осы аптада еліміздің Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова Астанадағы стационарлар мен емханаларды аралап, емдеу мекемелерінің медициналық көмек көрсетудегі мәселелеріне құлақ түрді және оларды шешу жолдарын талқылайтын кездесулер өткізді. Сонымен қатар ол елорда халқымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті мәслихат депутаттарымен және азаматтық қоғам белсенділерімен кездесті. Қалалық №10 емханада өткен брифинг барысында жергілікті және республикалық БАҚ журналистерінің сұрақтарына жауап беріп, азаматтарды жеке қабылдады.



қаржыландыру және МСАК, яғни медициналық санитарлық алғашқы көмек беру деңгейінде бизнес-процестерді оңтайландыру мәселелері қозғалды.

№10 емханада өткен халықпен кездесу барысында Денсаулық сақтау министрі әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің басты қағидатын еске салды.

– МӘМС жүйесі – жинақтаушы емес және ол дербес шоттарды көздемейді, бірақ ынтымақтас-тық қағидаты бойынша жұмыс істейді. Бұл медициналық көмекке жүгінбейтін азаматтардың жарналары жоғалып кетпейді, қайтарылмайды, бірақ емделуге мұқтаж басқа пациенттерге қайта бөлінеді дегенді білдіреді. Әсіресе, құны 1 млн теңгеден 40 млн теңгеге дейінгі қымбат тұратын медициналық көмек көрсету жағдайында, жинақтау жүйесі шеңберінде мүмкін емес айрықша технологияларды

қолдану жағдайларында өте маңызды, – деп атап өтті Денсаулық сақтау министрлігінің басшысы.

САЛАЛЫҚ ДӘРІГЕРГЕ ТІКЕЛЕЙ КІМДЕР БАРА АЛАДЫ?

Медициналық ұйымдардағы пациенттер тарапынан шағымдардың ең көбі арнайы салалық мамандарға терапевт арқылы емес тікелей бару мәселесіне қатысты болады. Осыған орай министрлік алдағы уақытта арнайы мамандарға жолдама алу тәртібін, диагностикалық емшараларға жазылуды, жалпы практика дәрігерлеріне бірнеше рет жүгіну қажеттілігін қайта қарайтын болды.

– Қазіргі уақытта созылмалы аурулары бар пациенттер үшін арнайы мамандарға қолжетімділік процесін едәуір жеңілдететін жаңа регламент-

тер дайындалуда. Процестерді оңтайландыру нәтижесінде қолданыстағы анықтамалардың 27 түрін қысқарту көзделген, рәсімдердің негізсіз түрлерін алып тастау мақсатында диагностика және емдеу хаттамалары қайта қаралуда, – деді министр.

Сонымен қатар, дәрігерлердің жүктемесін азайту үшін толтыруға арналған міндеттер жеңілдетіледі, олардың бір бөлігі орта медициналық персонал деңгейіне ауыстырылады. Пациенттерге ыңғайлы болу үшін жоспарлы емдеуге жатқызуға арналған талдаулардың тізбесі жалпы 42 зерттеуге қысқартылатын болды және олардың қолданылу мерзімін 3 айға дейін ұлғайту көзделуде.

Министр мына жағдайда арнайы салалық дәрігер мамандарға тікелей қаралуға болатынын жеткізді:

- шұғыл жағдайлар мен жарақаттар, оның ішінде оф-

тальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа да жарақаттар;

- шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету;

- дерматовенерологиялық бейіндегі аурулар;

- тіркелген жері бойынша акушер-гинеколог пен психологқа қабылдау;

- онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруларға күдік болған жағдайда;

- динамикалық бақылау ауруының бейіні бойынша;

- жастар денсаулық орталықтарына жүгіну регламенті жеңілдетілген.

АСТАНАДА 7 ЕМХАНА БОЙ КӨТЕРЕДІ

Министрдің айтуынша, аталған жеті емхананың екеуі мемлекет тарапынан, ал қалған бесеуі кәсіпкерлердің жеке қаражатына салынады.

– Қазіргі таңда қала әкімдігімен тығыз жұмыстар жүргізілуде. Мемлекет қаржысына салмақ салмай, инвесторлар өздері салып, 20-25 жылға мемлекет тарапынан беріліп отырған қаражатпен жұмыстарын үйлестіру қарастырылып жатыр. Қазақстан бойынша 300 мыңға жуық халық тіркелген жеке емханалар бар. Олардың тәжірибелерін зерттеп көрдік, – деді министр.



Мынадай жағдайларда арнайы мамандарға жүгіну регламенті жеңілдетіледі:

- шұғыл жағдайлар мен жарақаттар, оның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа да жарақаттар;
- шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету;
- дерматовенерологиялық бейіндегі аурулар;
- тіркелген жері бойынша акушер-гинеколог пен психологтың қабылдауы;
- онкологиялық және гематологиялық бейіндегі ауруларға күдік болған жағдайда;
- динамикалық бақылау ауруының бейіні бойынша;
- жастар денсаулық орталықтарына.

САПАСЫЗ СНЕКТЕРДЕН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Биыл Астана қаласының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 22 түрлі атаумен Қытай снектерінен санитарлық-эпидемиологиялық сараптама алды. Соның нәтижелері бойынша барлық сынамалар Кеден одағының «Таңбалау бөлігі бойынша тамақ өнімдері» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды, яғни тұтынушылардың тамақ өнімдері туралы сенімді ақпарат алу құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге қатысты тұтынушыларды жаңылыстырады.

Қазақстанда 2023 жылы Қытай өндірісінің ашы таяқшалары-снектерді тұтынумен байланысты улану жағдайлары тіркелді. Тексеру нәтижелері бойынша барлық сауда нүктелеріне Қытайдың ашы таяқшалары ілеспе құжаттарсыз (фискалдық чек, жүкқұжат) тускені анықталды. Сауда субъектілері ұсынылған өнімнің қауіпсіздігі туралы құжаттар - сәйкестік

туралы декларациялар жалған болып табылды, өйткені өнім тек қытай тілінде таңбаланған және өніммен сәйкестендірілмеген. Осыған байланысты біздің департамент тұтынушыларға тамақ өнімдерін, оның ішінде снектерді сатып алу кезінде таңбалауды зерделеуді, егер мемлекеттік және орыс тілдерінде ақпарат, сонымен қатар сәйкестік пен қауіпсіздік туралы құжаттар



болмаса, онда мұндай өнімді сатып алудан бас тартуды ұсынады. Дайындалу және жарамдылық мерзімінің, құрамының, сақталу шарты, сонымен қатар таңдалатын өнімнің сәйкестігі мен қауіпсіздігін растайтын құжаттардың болмауы сізді алаңдатуы тиіс.

Жалпы, «Снекер» ағылшын тілінен аударғанда «тіскебасар», жеңіл тағам деген мағынаны білдіреді. Снектерге ерекше дәмдік қасиеттері бар попкорн, крекер, жүгері таяқшалары, чипсы, гранола, қақталған ет және балық, пісте, фундук, кешью, жержаңғақ, кептірілген және қытырлақ ірімшік тағамдары, қақтау және кептіру арқылы алынған балық тағамдары, жидектер мен жемістердің кесілген және кептірілген бөліктері және т.б. жатады.

Олардың ішінде өткір соя таяқшалары кеңінен қолда-

нылады. Қытайда оларды «ла тья» деп атайды, бұл – әртүрлі дәмдеуіштер қосылған ұннан жасалған тағамдар. Дәстүрлі құрамы: бидай ұны, су, өсімдік майы, тұз, қант, чили, зира, күнжіт, сарымсақ, бұрыш, глюкоза, натрий глютаматы, глицерин, кальций карбонаты, қызыл чили, қызыл ашытқы күріш, куркума, хош иіс. Бірақ сатылымдағы мөрленген пакеттер ішінде дәмдеуіштермен байытылған, құрамы белгісіз «жағымсыз» заттар болуы мүмкін. Қаптамадағы өнім туралы барлық ақпарат тек қытай тілінде жазылғандықтан, біз оны біле алмаймыз.

Айгүл ШАҒАЛТАЕВА,
Астана қаласының
Санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау департаменті
басшысының
орынбасары

«Астана ақшамы» газеті жылдың басында «Тамақтан төнген қауіп» (№4, 11.01.2024, Қ.Үсемханұлы) деген тақырыппен өткір мақала жариялап, Қытайдан әкелінген балалар денсаулығына қауіп төндіретін зиянды тағамдардан сақтану туралы дабыл қаққаны оқырманның есінде болар. Басылым көтерген мәселеге сенатор Бибігүл Жексенбай бірден үн қосып, Сенаттың пленарлық отырысында Үкімет басшысының атына депутаттық сауал жолдап, «қоқыс» тағамдардан еліміздің нарығын, балалардың денсаулығын қорғау бағытында нақты ұсыныстарын жеткізді.

БАЛАНЫ ЗИЯНДЫ АСТАН САҚТАЙЫҚ

АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ 6 МЕКТЕПТЕ «ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП АСХАНАСЫ» ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБАСЫ ІСКЕ АСАДЫ

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

ДЕПУТАТ
ДАБЫЛ ҚАҚТЫ

Ең алдымен депутаттық сауалдан үзінді келтірейік.

«Соңғы кезде Қазақстан нарығында шығу тегі белгісіз зиянды тағамдар қаптап кетті. Алыс-жақын елдерден «қоқыс» тағам-тауарлар арбалап та, дорбалап та тасылып жатыр. Ең қорқыныштысы, «қоқыс» тағамдардың көбін көшелер мен жергілікті дүкендерде жасайды. Қытайдың өзінде бұл өнімнің зиянды екені дәлелденіп, сайттарында «қоқыс» тағамдары деп көрсеткен. Қытай билігі мұндай залалды тағам өндірушілермен күресіп жатса да, «қоқыс» тағамдар қорғалмаған шетел нарығын жаулап жатыр. 2023 жылдың 11 айында кедендік статистика бойынша Қазақстанның Қытайдан импорты 14 млрд АҚШ долларын құраған. Қытай Қазақстанның сыртқы саудасының жалпы көлемінде (26,8%) 1-орын алады (ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді есепке алмағанда). Бұл көрсеткіш ішінде «қоқыс» тауарлар үлесі қанша екені белгісіз. Осы орайда сұрақ! Біріншіден, еліміздің арнайы заңдарына сәйкес, әр өнімде қазақ немесе орыс тілдерінде шығарушы туралы, құрамы, пайдалану мерзімі туралы ақпарат болуы тиіс. Алайда дүкен мен базарларда сатылатын бағасы арзан, көздің жауын алатын зиянды тағамдар бойынша бұл талаптар негізден сақталмайды? Екіншіден, шетелден ағылған тауарға ақшасын төлесе, жылдам сертификат алуға көмектесетін ғаламтордағы жарнамалардан көз сүрінеді. Жеке делдал компаниялардың бұл бағытта көптеген нарықтағы сапасыз тауардың көбеюіне әкеліп отырған жоқ па? Үшіншіден, зиянды тағамдардың жарнамасы жайлы айтау мүмкін емес. Өйткені бүгінде жұрт, әсіресе балалар қанты мол, тұзды, майлы, химиялық қоспалардың мөлшері көп өнімдер жарнамаларының еріксіз көрермені болып отырғаны жасырын емес. Әрине, жарнама тиісті заңдармен реттелгенмен, оларда денсаулыққа зиянды өнімдер туралы ақпараттың таралуын шектейтін нормалар жоқтың қасы. Елімізде балаларға арналып жарнамаланатын ас-судың шамамен 72 пайызы ДДҰ тарапынан тыйым салынған азық-түлікке жатады екен. Зиянды тағамдар жарнамасын көбейту – түсіне білгенге жамандыққа азғыру. Сондықтан бұған барынша шектеу қою, қажет жерінде тыйым да салу керек. Төртіншіден, күнделікті астың ағзаға

ЕЛІМІЗДЕ БАЛАЛАРҒА АРНАЛЫП ЖАРНАМАЛАНАТЫН АС-СУДЫҢ ШАМАМЕН 72 ПАЙЫЗЫ ДДҰ ТАРАПЫНАН ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН АЗЫҚ-ТҮЛІККЕ ЖАТАДЫ ЕКЕН

қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тағамдағы қант, тұз және қаныққан майларды бақылау маңызды. ДДҰ-ның тамақ өнімдеріндегі қант пен тұздың құрамы жөніндегі қаулысы бойынша оның мөлшері 5%-дан аспауы қатаң орындалуы тиіс. Бүгінде әлемде зиянды тағамға қосымша салық салу практикасы айтарлықтай кең тараған. Соңғы 10 жылда мұндай салық Дания, Эквадор, Египет, Франция, Венгрия, Мексика, АҚШ және басқа да елдерде бар. Осы салық түрі енгізілген елдерде өндірушілер мен сатушылардың 70%-ы зиянды және қосымша салық салынатын өнімдерді қысқартты. Халқымызды зиянды тағамдардан қорғау, аталған мәселеде дұрыс бағыт көрсету шаралары мемлекеттік деңгейде қолға алынуы тиіс» деп мәлім етті Б.Жексенбай.

Халық қауалысы елдік мәселені шешу бағытында нақты 7 ұсыныс айтты.

ҮКІМЕТ ЕСЕП БЕРДІ

Көп ұзамай Үкімет аталған мәселе бойынша қолға алынған және атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Қоғам назарындағы өткір мәселе бойынша 12 наурызда Сенат қабырғасында арнайы отырыс өтті. Басқосуға сенаторлар Бекбол Орынбасаров, Нурия Ниязова, Ғалиасқар Сарыбаев, Әлішер Сатвалдиев және Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау, Сауда және интеграция, Қаржы, Мәдениет және ақпарат министрліктерінің, сондай-ақ «Қазақстан Республикасы тұтынушылар қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің басшылары мен өкілдері қатысты. Халықтың денсаулығын жақсарту мәселесі мен жолдары кездесудің басты тақырыбы болды.

Депутаттық сауалда зиянды, соның ішінде тасылатын «қоқыс» тағамдар, «сұр сертификаттар» мен оларды жарнамалау мәселелері қозғалған болатын. Осы мәселеге орай Бибігүл Жексенбай құзырлы орган жетекшілерінің берген деректері мен ақпараттарын оқырман қауыммен бөлісті. «ЕАЭО кеңістігінде «сұр сертификаттардың» басымдылығының өткір проблемасы бар. Сәйкестікті растау құжаттары көбінесе рәсімдерді бұзумен

немесе сынақсыз беріледі, бұл контрафактілік өнімдердің көбеюіне және адам денсаулығына теріс әсер етуіне алғышарт жасайды. 2022 жылы Қазақстанда басқа елдерде берілген 200, ал 2023 жылы 300 «сұр сертификат» жойылды. 2023 жылы азық-түлік тауарларының 3194 партиясы қарап-тексерілді, сәйкес келмейтін 120 тоннадан астам тамақ өнімін әкелу тоқтатылды» делінген Үкіметтің ресми жауабында.

127 ТОННА ӨНІМ САТЫЛЫМНАН ШЫҒАРЫЛДЫ

Енді Үкімет жауабының толық мәтінін ұсынайық. «Ерте жастағы балаларға арналған балалар тағамын (қоспа, езбе, шырпын, биологиялық белсенді қоспалар, консерві және т. б.) әкелу және өткізу Еуразиялық экономикалық одақтың мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерінің бірыңғай тізілімінде орналастырылған мемлекеттік тіркеу туралы

2023 ЖЫЛЫ АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ 3194 ПАРТИЯСЫ ҚАРАП-ТЕКСЕРІЛДІ, СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН 120 ТОННАДАН АСТАМ ТАМАҚ ӨНІМІН ӘКЕЛУ ТОҚТАТЫЛДЫ. ЖАЛПЫ АЛҒАНДА, РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША 153 ТОННАДАН АСТАМ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМІ МЕН ШИКІЗАТ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 127 ТОННАДАН АСТАМ БАСҚА ЕЛДЕРДЕН ӘКЕЛІНГЕН ӨНІМ, 26 ТОННАДАН АСТАМ ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС САТЫЛЫМНАН АЛЫНДЫ

куәліктер болған кезде жүзеге асады. Басқа тамақ өнімдері, оның ішінде энергетика сусындары, чипсілер, фаст-фуд және басқа да зиянды өнімдер сәйкестік туралы декларация болған кезде елге әкелінеді және өнімді бақылау мақсатында сатып алу және оларды санитарлық-эпидемиологиялық мониторингілеу шеңберінде өткізу сатысында бақыланады. Өнім талаптарға сәйкес келмеген кезде лауазымды адамдар оны әкелуді (импортын) уақытша тоқтата тұру және тиісті сарап-



ТҮЙІН СӨЗ:

Бибігүл
ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат
депутаты:

– Әрине, адам ағзасына зиянды тағамдармен күресте мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар күші біріктіре жұмыс істеуі керек. Зиянды тағамдарға шектеумен қатар, пайдалы, отандық өнімдерді барынша қолдау және насихаттау қатар жүрген дұрыс. Бастысы, мәселеге көңіл бөлініп, нақты іс-шаралар қолға алына бастағаны қуантады. Сауда мен кәсіпкерлікті балаларымыздың денсаулығы – ұлт келешегі есебінен жасауға жол бермеуіміз қажет.

тамаға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге (импортқа) тыйым салуды белгілейді. 2023 жылы азық-түлік тауарларының 3194 партиясы қарап-тексерілді, сәйкес келмейтін 120 тоннадан астам тамақ өнімін әкелу тоқтатылды. Жалпы алғанда, республика бойынша 153 тоннадан астам азық-түлік өнімі мен шикізат, оның ішінде 127 тоннадан астам басқа елдерден әкелінген

өнім, 26 тоннадан астам отандық өндіріс сатылымнан алынды. Ішкі нарықты қорғау мәселелері барлық мүддесі мемлекеттік органдардың (Сауда және интеграция, Ауыл шаруашылығы, Денсаулық сақтау, Қаржы министрліктері, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі) қатысуымен ахуалдық штабта үнемі қаралады.

Анықтама үшін: аккредиттеу субъектілерін мемлекеттік бақылау бойынша 217 іс-шара өтті, өнімнің сәйкестігі туралы 1689 сертификаттың/декларацияның күші жойылды, 33 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік айыппұл салынды, 60 аттестаттың (аккредиттеу жөніндегі орган және аумақтық департаменттер) аккредиттелген қызметі тоқтатылды.

Жағдаяттық штабтың 2023 жылғы қазандағы көшпелі кеңесінде Мемлекеттік шекараның Қазақстан-Ресей учаскесіндегі өткізу пункттеріне барып, сапасыз және қауіпті импортты өнімдерді әкелуге және айналымына жол бермеу мақсатында шекара маңындағы бақылау бойынша ұсынымдар және шаралар қабылдау жөніндегі бірлескен іс-қимыл алгоритмі әзірленді.

Бұдан басқа, отандық өндірушілердің маусымдық қажеттіліктері мен ұсыныстары ескеріле отырып, өнімдер бойынша өзара іс-қимыл тетігі әзірленді, оған қатысты қосымша бақылау шаралары қолданылуы мүмкін. Білім беру және тәрбиелеу объектілеріне қойылатын санитариялық қағидаларда мектепке дейінгі ұйымдарда, білім беру және тәрбие объектілерінде, балалар үйлерінде, балаларды сауықтыру және санаторий объектілерінде зиянды тамақ өнімдерін (ыдысқа құйылған минералды және ауыз суларды қоспағанда) газдалған, емдік және емдік-асханалық минералды суларды, тәтті алкогольсіз сусындарды, алкогольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, концентралыланған диффузиялық шырпындарды; фаст-фудтарды; гамбургерлерді, хот-догтарды, пиццаларды, нагеттер, чипсілер (чипсондар), дәмдік қоспалары бар тұздалған крекерлерді са-туға тыйым салу белгіленген.

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім

балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушылар мен студенттерге арналған ұйымдарда тәрбиеленетін балалардың тамақтану нормалары қайта қаралды (тамақ өнімдеріндегі қант мөлшері азаяды, картоп нормалары басқа көкөністердің санын көбейту есебінен азаяды, күнделікті рационға сүт және сүт қышқылы өшімі, А, Д, Е дәрумендерімен байытылған тағамдар енгізілді); Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдарына сәйкес тұз нормалары шектелген (тәулігіне 5 г-нан аспайды) (шұжық өнімдерін алып тастау есебінен ет өнімдерінің (ет, құс еті) нормалары ұлғайды, кептірілген жемістер саны ұлғайды).

Қазақстан мектептерінің 20 пайызында Қазақ тағамтану академиясы әзірлеген дәрумендер мен минералдармен байытылған өнімдерді қоса отырып, оқушылардың тамақтану рационы бойынша бірыңғай стандарттар енгізілді. Астана қаласының 6 мектебінде, Алматы қаласының 3 мектебінде «Ұлттық мектеп асханасы» қанатқақты жобасын іске асыру басталды. Жаңа модель мектепте тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша кезең-кезеңмен шаралар кешенін қарастырады. Өңірде өндірілетін отандық өнімді пайдалана отырып, мәзірді әзірлеу бөлігінде норма енгізілді. Медициналық мекемелер мен білім беру ұйымдарында тамақтануды ұйымдастыру стандарттары бекітілді, онда тамақтануды ұйымдастырудың жалпы қағидалары мен тәртібі айқындалды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдармен халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын отбасылардан шыққан 97,4 мың бала тегін тамақпен қамтылды. Жалпы 2023 жылы жергілікті бюджет қаражатынан 4 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді. Кәсіпкерлермен аса маңызды заттардың (тұз, қант, трансмайлар) құрамын ескере отырып, тамақ өнімдерінің қаптамасына қосымша түсті индикация енгізу арқылы түсті таңбалауды енгізу бойынша жұмыс жалғасуда. Қазіргі уақытта құрамында қант бар сусындарға салық енгізу мәселесі Парламент Мәжілісінде қаралатын «Кейбір заңнамалық актілерге денсаулық сақтау мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде қаралады. Денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында дұрыс және ұтымды тамақтану, салауатты әдеттерді балалар арасында қалыптастыру мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу көзделген. Денсаулық сақтау, Мәдениет және ақпарат министрліктері ұлттық телерадиоарналарда балаларға зиянды тауарларды жарнамалау бойынша уақытша шектеулер енгізу мәселесін пысықтауда.

Қоғамдық денсаулықтың өзекті мәселелері бойынша органдар мен ұйымдарды ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеуді, салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану қағидаларын енгізу жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуді ДСМ Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің Қоғамдық денсаулық сақтау және оқалту басқармасы мен ДСМ «Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК жүзеге асырады. Денсаулық сақтау министрі А.Әлнауарова депутаттармен кездесу ұйымдастырып, аталған мәселелер бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы нақты баяндау тапсырылды».

Индира
БЕРЖАНОВА

Бас қаланың оң жағалауындағы үй-музейге кірерде бірден ең әуелі екі қабатты еңселі үйдің ауласындағы бес қанатты киіз үй тігілген көзге түседі. Зергер оны Қарақалпақстаннан келген қандас азаматтан сатып алыпты. Үйдің іші ұлттық оюлармен безендірілген. Көне сандықтар, құрақ көрпелер, басқұрлар, қысқасы ертеде ата-бабамыз ұстанған жабдықтардың бәрі қойылған. Дені XIX ғасырдың жәдігерлері саналады. XV-XVI ғасырда ғұмыр кешкен қазақ батырының сауыты ілінген. Бір бұрышта көне күбі тұр. Отбасы мұражайында байырғы бабаларымыз пайдаланған тұрмыстағы жабдықтардың барлығы сақталған. Қаздай тізілген көне самаурындар да көз тартады. Отандық қылқалам шеберлерінің туындылары да көрнекі жерден орын алған. Зергердің өз қолынан шыққан бұйымдары да қойылған. Қысқасы, этнография музейінен тарихымыздың тұтас бір келбетін көруге болады.

Музейден көзімізге ерекше түскен Абай бұрышы туралы сыр тартқымыз келді. Мұнда хакімнің өз домбырасы сақталған. Өзіндік тарихы да бар. Оңтүстікте Хақмадияр атты бай саудагер шығыстағы Абайдың ауылына ақынды іздеп барып, бір жылдай ойшылдың жанында болады. Кейін кертерінде Абай осы домбырасын сыйлаған көрінісін. Ал зергердің қолына аталмыш жәдігер саудагер ұрпақтарынан түскен



Сұлтан СЕЙІТ

ӨЗ ҮЙІ – МУЗЕЙ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі суретші-зергер Берік Әлібай ұлттық өнерді көпшілікке дәріптеу мақсатында өз үйін музейге айналдырып, жылдар бойы мыңдаған бұйымды жеке коллекциясына жинақтаған. Бабамыздың асыл өнерін ардақтап, зергерлік өнердің шыңына шыққан шебердің этнография музейі әсіресе Астанаға келетін туристер үшін ерекше көз тартады. Отандық зергерлер арасында баламасы жоқ отбасы мұражайымен біз де танысып қайттық.

өзін 500 жылқыға бағалаған. «Сау кел» деген мағынасы бар өте құнды бұйым. Қызыма арнап жасалған бұл сәукеле – отбасымыздың бағасы жоқ жәдігері» деп зергер тарихтан сөз қозғады.

Шебердің күміспен күштеп жасаған алқалары, жүзіктері,

әбзелдеріне арналған. Олардың көнесі XVI-XVII ғасырдан бастау алады. Халқымызға танылған қылқалам шеберлерінің түпнұсқа туындылары төрден орын алған.

«Жалпы, әр халықтың өз тарихы бар. Сондықтан оны жігі білу қажет. Мәселен, бүгінгі

Мән бермейді. Қырғыздың, түрікменнің бұйымдарын біздікі деп қолданады. Туысқан ел болғандықтан, ұқсастығымыз бар шығар. Дегенмен оны ажырата білу керек немесе содан хабары бар адамнан сұрауы қажет. Оған елімізде өндірістің дамымағаны мен мемлекет тарапынан қолдаудың жоғы да әсерін тигізбей қоймайды» деді өз сөзінде Берік Әлібай.

Көзден бұл-бұл ұшып бара жатқан құндылықтарымызды көріп, ертегі әлеміне енгендей күй кештік. Мұражай құдды бір этнография ауылы секілді жылы әсер қалдыратынымен ерекше. Айта кетейік, елордаға келген шетел делегацияларын біздің азаматтар осында әкелуге құмартып тұрады екен. Олар шебердің жеке коллекциясын көріп, көшпенділер тарихын тани түседі. Туристерге арнап музейде түрлі шебердің бұйымдарынан жинақталған дүкен де бар.

Берік Әлібайдың қолынан шыққан бұйымдардың барлығы да ешбір техника көмегісіз, маңдай термен жасалған таза қол еңбегі. Сонысымен де бұл бұйымдар бағалы. Зергердің айтуынша, шын көңілмен істелген зат тұтынушыға қуаныш сыйлайды. Сүйіп жасалған бұйымның өзіндік энергетикасы сақталады. Берік Әлібайдың ендігі арманы – бұл дүниенің барлығын ұрпағына қалдырып, шәкірт тәрбиелеп, жасөспірімдерді ұлттық өнерге баулу. Осы мақсатта зергер музей жанынан мектеп ашсам деген асыл арманын жойғысы келмейді. Біз де соған тілекшіміз.



екен. Сондай-ақ осы бұрыштағы сүйектеп ойылған, Құнанбай ұстаған делінетін асадалға да әркім қызыға қарары анық.

Зергердің үлкен қызы тұрмысқа шыққанда жасаған сәукелесі – бар назарды аудартағын бұйымның бірі. Көркемдігі жоғары туындыда бар өңірдің үлгісі салынған. Сәукеленің әшекейлері таза күмістен өріліп, барқыттан тігілген. Оны жасау үшін зергер көп еңбектеніпті.

«Бабаларымыз қызы ұзатылар кезде бар малын шашса да аянып қалмаған. Бір сәукеленің

білезіктері және сырғалары да әсемдігімен көз тартады. Өңіржиек, үкіаяқ, бойтұмар, құдағи жүзік, отау жүзік секілді бұйымдарды тағудың да тарихи-тағалымды өз реті бар. Әшекей бұйымдарының бәрі де таза күмістен жасалған. Әрине, алтын, жез, мыс, ақық, перуза, малахит және құлпырма тасты қосымша пайдаланған. Сонымен бірге ұстаның қолынан шыққан кездік, пышақ, қанжарлар да жұтынып тұр. Реңі жүз құбылады. Бір бөлменің іші ат

таңда әшекей бұйымдар мен басқа да заттарға қазақтың ою-өрнектерін қалай болса солай жапсыру белең алды. Түпкі мәніне үңіліп жатпайды. Әр жәдігердің сыры бар. Жөнді-жөңсіз қолдана беруге болмайды. Мысалы, беріректе түсірген тарихи киноларда актерлер мен актрисалар пайдаланған әшекей бұйымдарды көргенде жүрегім ауырады. Әр жасқа тән әшекейлер бар. Соған лайықты киініп, әшекейлерді тағады. Ал бізде оған ешкім қарамайды.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

ҚАУІПТІ ІНДЕТ ТАРАДЫ

Жапонияда сирек кездесетін инфекция тез тарап барады. Елде стрептококты уытты шок синдромына шалдығу жиілеген.

Жыл басынан бері 400-ге жуық дерек тіркелді. Бұл инфекцияны жұқтыру 30 пайыз жағдайда өліммен аяқталады. Дәрігерлер оның ересек адамдар үшін қауіпті екенін ескертеді. Былтыр жарты жыл ішінде Жапонияда 65 тұрғынның 21-і қайтыс болған. Ауру белгілері суық тигенге ұқсайды. Мамандар оның тез таралуына нақты не себеп екенін әзірге айта алмай отыр.



МОҢҒОЛИЯДА АҚ СҮЙЕК ЖҮТ БОЛДЫ

Біріккен ұлттар ұйымы келтірген дерекке сүйенсек, 190 мыңнан астам малшының, яғни халықтың 70 пайызының күнкөрісі қиындаған.

Былтыр жыл соңында бұл елде қой, ешкі, жылқы және сиырды қосқанда 65 миллионға жуық мал болған. Қыста соның 1,5 миллионы қырылып қалды. Өйткені аяз 50 градусқа дейін көтерілген. Жалпы елде мұндай жұттың ең ірісі 2010-2011 жылдары болып, 10 млн бас мал қырылса, 2022-2023 жылдары 4,5 млн мал аязда қатып қалған.



СОҒЫС ТОҚТАЙ МА?

Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік кеңесі алғаш рет Газа секторында атысты тоқтатуды және кепілге алынған адамдарды дереу босатуды талап ететін қарар қабылдады. Құжатты 14 мемлекет қолдады.

Бұл – 2023 жылдың қазан айында ХАМАС Израиль аумағына шабуыл жасағаннан кейін Израиль мен ХАМАС арасында соғыс басталғаннан бері БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі мақұлдаған алғашқы құжат. Бұған дейін Қауіпсіздік кеңесінің Газада атысты тоқтатуға шақыратын қарарларына тосқауыл қойған АҚШ бұл жолы дауыс беруден қалыс қалды.



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МЕДИАФОРУМЫ

Түркі халықтарына ортақ ақпарат агенттігі ашылуы мүмкін. Түрікменстанда өткен бауырлас елдердің медиафорумында осындай ұсыныс айтылды. Бұған Түріксой ұйымы ниетті.


Алдағы уақытта тараптар бұқаралық ақпарат құралдары ақпаратты қай тілде тарататынын талқылайды. Сондай-ақ жиында түбі бір ұлттардың мәдениетін насихаттау туралы ұсыныстар айтылды. Түркі әлеміне ортақ

тұлғаларды насихаттап, олардың еңбектерін көпшілікке етене ету де жоспарда бар. Басқосуда ұлт қайраткерлерін ұлықтап, халық құндылықтарын ұғынықты етуде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызы айтылды.

ӨЗЕН ҮСТІНДЕ ӨТПЕЙ МЕ?

Францияның Ішкі қауіпсіздік басқармасы (DGSI) республиканың Ішкі істер министрлігіне Олимпиада ойындарының ашылу салтанатын өзенде өткізуден бас тартуды және қауіпсіздік үшін «В жоспарына» көшуді ұсынды.

Мәскеу түбіндегі «Крокос Сити Холда» жасалған лаңкестік әрекеттен кейін Франциядағы лаңкестік қауіп деңгейі барынша жоғарылады. Француз барлау қызметі Орталық Азиядан келгендерге тексерісті күшейтті. Бұған дейін Франция Құрлық әскері Бас штабының бастығы Пьер Шиль Франция Париждегі Олимпиада ойындарын күзету үшін пайдаланылатын әскери контингентті 20 мың адамға дейін арттыратынын хабарлаған. Ол елдің барлық жойғысы келмейді. Біз де соған тілекшіміз.



уын жағушыларды әскерилер күзетіп жүретінін айтты.

Дайындаған Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

– «Ораза – құлшылықтың төресі» дейміз. Ораза – жанның азығы, тәннің шипасы. Рамазан айының қадір-қасиеті жайлы, өзге айлардан артықшылығы жайлы айтып берсеңіз.

– Барша мұсылман қауымды қасиетті Рамазан айының келуімен құттықтаймын! Бұл айда мұсылман баласы үшін маңызды ғибадаттар ораза ұстау, тарауық намазын оқу, пітір садақасын беру, ауызашар дастарқанын жаю болмақ. Жалпы адамда тән азығы, жан азығы деген азық болады. Яғни мұның барлығының ақысы берілуі керек. Алла Тағала қасиетті Құранда «Хижр» сүресінің 9-аятында: «Шүбәсіз осынау зікірді (Құранды) Біз түсірдік және оның сақтаушысы да Өзіміз» дейді. Сондай-ақ «Бақара» сүресінде: «Сендерге дейінгі қауымға парыз етілгендей, ораза баршаға парыз етіледі» дейді. Бұл – Алла Тағаланың бұйрығы. Алла Тағаланың әмірі талқыға түспейді, ол орындалуы керек.

Исламда басты қағидат: бес парыз бар екенін бәріміз білеміз. Олар: Алладан басқа тәңір жоқ екеніне және Мұхаммед (с.ғ.с.) Алланың елшісі екеніне күәлік беру; намаз оқу; зекет беру; ораза тұту; қажылық қылу.

Осы бес парыздың бірі – ораза тұту. Оразаның мақсаты – адамды тәрбиелеу. Адамның жан дүниесін түрлі жат қылық пен жаман әдеттен тазарту. Барлық амал Алланың разылығы үшін жасалады ғой. Бірақ ораза – өзің үшін жасалатын амал. Алла Тағала «оразаның сауабын мен өзім берем» дейді. Бұл дегеніміз – пендені ақыреттегі бақытқа алып баратын мүмкіндігі зор амал. Ораза тек аштықпен ғана шектелмейді. Ораза тұту арқылы адам Алланың бар екенін, бір екенін бекем жүрекке бекітеді.

Ораза тұту адамның денсаулығына зиян келтіретін дүние емес. Уақытылы сәресіне тұрып, дұрыс тамақтанып отырса, денсаулықпен мәселе туындамайды. Әрі медицинада ашығудың пайдалы екені де айтылып жүр.

Адам баласының әрбір дене мүшесінің оразасы болады. Құлақтың оразасы – ғайбат сөздерді естуден тыйылу. Ауыздың оразасы – жақсы сөйлеу, зікір айту, Пайғамбарымызға (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту. Көздің оразасы – Құран оқу. Қолдың оразасы – Құран ұстау, жақсылық жасау. Бұл амалдарды тек қасиетті Рамазан айында ғана емес, жалпы ізгілікті, тақуалықты әрқашан өзімізге

ДІНІМІЗДІҢ ДІҢГЕГІ НЫҚ БОЛСЫН

Рамазан – әр жылы қайта оралып, мұсылман адамға өз-өзіне жаңадан тәрбие беруге мүмкіндік беретін, мұсылман пенденің сабырлығы бойынша емтихан тапсыратын ай. Оразаға ниет еткен жамағат ала таңнан ақшам уақытына дейін сабырлы болып, төзімін шыңдайды. Кешке дейін ішіп-жеуден тыйылады. Сондай-ақ ашу-ызаға бой алдырмай, жұмсақтық танытады. Тұла бойын харамнан, тілін жаман сөзден, көзін сұқтанудан сақтайды. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Сабырлықтың жартысы ораза ұстаудан тұрады» деп өсиет қалдырған. Ризығы мен шапағаты мол айда Астана қаласының бас имамы Ерболат Нұрылдаұлы Жүсіповпен сұхбаттасып, Рамазан айының қадір-қасиеті жайлы әңгіме өрбіткен едік.



серік қылуымыз керек. Ораза ұстағанға екі шаттық бар. Бірі – ауыз ашқанда қуанады. Екіншісі – қияметте Раббысымен жүздескенде ораза ұстағанына қуанады. Ақиқатында, қиямет күні Жаратушы Иенің жанында ораза ұстаушының аузының иісі мисктің иісінен абзал. Ораза – Алла берген бүкіл нығмет рухани нәр алатын құлшылық. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) оразаның сауабына жер бетіндегі барлық көл мен мұхитты, теңізді сия етіп алып, барлық өсімдік пен ағашты қалам қылып жазсандар да сауап мөлшерін жазуға жетпейді деп айтқан. Сондықтан қасиетті Рамазан айында осындай мүмкіндікті жіберіп алмауымыз керек.

– Биыл пітір садаққа мөлшері қанша? Пітірдің мән-маңызын айтсаңыз. Оны кімдер беруі керек?

– Жағдайы болған, тұрмыс-тіршілігі жақсы, мұқтаждығы жоқ әрбір мұсылман пітір садақаны бергені жақсы. Пітір садақасын кейбір ғұламалар «дененің зекеті» деп атаған. Пітір садақа елімізде 640 теңге мөлшері болып бекітілді. Орта есеппен алғанда, сол шамаға тура келеді. Пітір садақа 2 келі бидай не арпамен есептеледі. Дегенмен азық-түліктің орнына пітір садақаға оның ақшалай құнын берген абзал. Тұрмысы нашар, яғни артық мал-мүлкі нисаб мөлшеріне жетпеген кісі пітір садақа беруге міндетті емес, сауап үшін беріп жатса өз еркі. Қайтыс болған адамдарға, ана құрсағындағы балаға пітір садақа берілмейді.

Әрбір ақыл-есі дұрыс мұсылман адамға ораза тұту – парыз. Шарият бойынша уақытша емес, жағдайына байланысты ораза ұстай алмайтын жандар үшін оразаның өтеміні жасайтын жол бар. Ол – фидия садақасы.

Егер адамның денсаулығына қауіп төнетіндей жағдай болса, дәрігерлердің рұқсаты болмаса, Алланың адамға берген аманатына, яғни денсаулығына қиянат жасауына болмайды. Сондықтан әртүрлі ауыр сырқат: туберкулез, қатерлі ісік, қант диабеті, асқазан жарасы, тыныс және жүрек демікпесі секілді сауығуынан күдер үзген,



Мұсылман әлемінде қасиетті түндер мен айтулы күндер жетерлік. Соның ішіндегі ең маңыздысы әрі бірегейі – қасиетті Рамазан айындағы Қадір түні. Бұл түн – адамзаттың ақ пен қараны айыратын түні және де барлық жақсылық атаулының қайнар көзі – мүбәрак Құран Кәрім аяттары түсе бастаған түн. Рамазан айы онкүндіктерге бөлінгенін білуіміз қажет. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде: «Рамазанньң басы – рахмет, ортасы – кешірім, соңы – тозақ отынан құтылу» деген болатын

ауруға шалдыққан науқастар және жасы үлкен егде адамдар ауыз бекітуге шамасы келмесе, ораза ұстамайды. Оның орнына фидия садақа береді. Фидия садақасы – ол орта есеппен бір адамның күнделікті (таңғы және кешкі) тойып ішетін асы. Дін қызметкерлерінің ұйғарымы бойынша оның мөлшері қазіргі таңда ең азы 3000 теңге мөлшері болып белгіленді. Дені сау адам фидия садақасын беріп, оразаның парызынан құтыла алмайды. Садақа бәлені жояды. Қасиетті Рамазан айында кез келген сауаптың мөлшері 700 есеге көбейеді. Сондықтан бұл айда мол сауапқа кенеліп, ізгі амалдар жасайық.

– «Рамазан – айлардың сұлтаны, жұма – күндердің сұлтаны» дейміз. Сондай-ақ Рамазан айында түндердің сұлтаны – Қадір түні бар. Қадір түнінде қандай амалдар жасау қажет?

– Мұсылман әлемінде қасиетті түндер мен айтулы күндер жетерлік. Соның ішіндегі ең маңыздысы әрі бірегейі – қасиетті Рамазан айындағы Қадір түні. Бұл түн – адамзаттың ақ пен қараны айыратын түні және де барлық жақсылық атаулының қайнар көзі – мүбәрак Құран Кәрім аяттары түсе бастаған түн. Рамазан айы онкүндіктерге бөлінгенін білуіміз қажет. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) тағы бір хадисінде: «Рамазанньң басы – рахмет, ортасы – кешірім, соңы – тозақ отынан құтылу» деген болатын. Сондай-ақ Қадір түні жөнінде Мұхаммед пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, Ережеп айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадір түнінде

отыз мыңға дейін жетеді» және де «Кім Қадір түнін сенімімен, артының қайырлы болатынын үміт артып өткізсе, оның бұрынғы барлық күнәсі кешіріледі» деген. Қадір түні Рамазан айының соңғы онкүндігінің бірінде өтеді. Ислам ғұламаларының пәтуасы бойынша Қадір кеші Рамазан айының 26-сынан 27-сіне қараған түні деп белгіленген. Биыл Қадір түні сауір айының 5-6-сына қараған түніне дөп келіп тұр. Осы кеште барлық періште жер бетіне ізгі амалдар үшін жіберіледі. Бұл түн – жасаған әрбір ізгі амал мен құлшылықтың, қайырымды істің сауабы мың еселеп жазылатын түн және оған мың айдың сауабын нәсіп етеді. Құранның «Қадір» сүресінде бұл айдың мың айдан қайырлы екені кеңінен айтылған. 1000 ай – бұл 83 жыл, 4 айға тең. Бұл дегеніміз – бір адамның өмір бойы Алла Тағалаға құлшылық етуімен пара-пар деген сөз. Қасиетті Қадір түнінде үйде отырып мынадай амалдарды орындай аламыз:

* сол күні кешкі ауызашарда дұға-тілек ету;

* құптан намазында тарауық намазын оқу;

* Құран, хадис кітаптарын оқу немесе Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмір тарихын оқу.

* таң атқанға дейін төрт рәқаат нәпіл намазын оқу.

– Рамазан – мұсылман қауымы үшін сағына күтіп, қимай қоштасатын қадірлі әрі қасиетті ай. Осы айда елорда тұрғындарына Астана қаласының бас имамы ретінде қандай тілек білдіресіз?

– Имам, ұстаз болу – бұл үлкен аманат. Ардақты Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) мирас боп қалған, салмағы ауыр жауапты іс. Діннің құтын

қашырмай, дін мен дәстүрді сабақтастырып, исламмен гүлденген ұлттық мәдениетімізді насихаттау, оның ғылыми-теориялық негізін дамыту, қарапайым халыққа діни нормаларды ұғынықты жеткізу – басты міндетіміз. Елордадағы барша имаммен бірлесе отырып, Алланың жәрдемімен биылғы Ислам және дәстүр құндылығы жылына орай біраз жұмыс атқарып та үлгердік. Ұлттық құндылықтарды ұлықтау мақсатында «Дәстүрім – қазынам» қолөнер көрмесі, ою-өрнекті кесіп үйрену, ұлттық әшекей бұйымдарын жасаудан шеберлік сағаты, «Көреген ене, ибалы келін» мешітаралық байқау, «Әжелер мектебі» жиыны ұйымдастырылды. Дертке шалдыққан балалар мен зағип жандарды зиярат ету, зағиптар кітапханасына Құран табыстау, интеллектуалды сайыстар мен дарынды балаларды қолдау шаралары жүргізілді. Қасиетті ай қарсаңында 1250 отбасыға азық-түлік себеті таратылып, «Рамазан сыйлығы» айдарымен қайырымдылық акциялары, ауызашарлар қолға алынды. Сауабы мол айда рухани-мәдени шаралар, діни-ұлттық рәсімдерді насихаттау мен семинар-сағаттар, қайырымдылық жұмыстары жалғасын таба бермек.

Құрметті мұсылман бауырлар, астаналықтар мен қала қонақтары! Айлардың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айында шаңырақтарыңызға шаттық орнап, құт-береке дарысын. Елдің іргесі аман, ынтымағымыз берік, дініміздің діңгегі нық болсын. Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілегіміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалымыз қабыл болғай!

Сұхбаттасқан
Тұмар ҚАЙРАТҚЫЗЫ

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазан айы туралы:

«Бұл айда аспанның есіктері ашылады, тозақтың есіктері жабылады, әрбір қарсы шығушы шайтан кісенделеді. Шақырушы әр түні: «Уа, жақсылықты қалаушы! Кәнекей! Ей, жамандықты қалаушы! Тыйыл!» деп жар салады» деген.

Сахаба Әбу Сағид (р.а.) Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Кімде-кім Рамазанда ораза тұтса, шектеулерін білсе, сақтану керек нәрселерден сақтанса, өткен күнелерін кешіреді» деп айтқанын естігенін риуаят етіп жеткізген.

Алла елшісі (с.ғ.с.): «(Тұтқан) ораза және қасиетті Құран оқыған несіне қиямет күні шапағат жасайды. Ораза: «Уа, Раббым! Оны тамақтан және шақауаттан күндіз мен тыйдым. Мені

ОРАЗАНЫҢ БЕРЕКЕСІ

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) он екі айдың сұлтаны, қасиетті Рамазан айының қадір-қасиетін және осы айда ораза ұстаудың абзалдығын көптеген хадисінде жан-жақты түсіндіреді. Біз олардың кейбірін ғана келтіргенді жөн санадық.



оған шапағатшы ете гөр» десе, қасиетті Құран: «Оны түнде ұйқыдан мен тыйдым. Мені оған шапағатшы ете гөр» дей келе, Алла елшісі: «Ол екеуі шапағатшы болады» деп айтқанын Абдулла ибн Амр риуаят етіп жеткізген.

Сахаба Сәһи (р.а.) пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Расында, жәннатта «Райхан» деп аталатын бір қақпа (есік) бар. Ол есіктен жұмаққа тек ораза тұтқандар ғана кіреді. Қиямет күні: «Ораза ұстағандар қайда?» деп жар салынады. Сонда ораза ұстағандар дереу тұрып, сол қақпадан кіреді. Олар кіріп болған соң ол жабылады, одан олардан басқа ешкім кірмейді» дегенін риуаят еткен.

Бір сөзбен айтқанда, біз осы Рамазан айы рухани тұрғыдан ерекше өзгертетін, ұстамдылық, мейірім мен қайырымдылық сияқты жақсы қасиеттердің өз бойымызда бұрынғыдан да арта түсуіне зор мүмкіндік беретін, сондай-ақ осы айда ораза ұстау арқылы өз нәпсі қалауларымызды тыйып, жамандық атаулыдан мейлінше аулақ тұрып, о дүние-лік тозақ отынан қорғануға, күнәларымыздың кешірілуіне мүмкіндік беретін ең маңызды сәт екенін білгеніміз абзал. Сондықтан Рамазан айының қадір-қасиетіне әрі осы айда ораза ұстауға ниеттеніп, ауыз бекітуге селқос қарамайық!

Амантай
ТОЙШЫБАЙҰЛЫ



ТЕАТР МЕРЕКЕСІНЕ ТАРТУ

Астана театрларында Халықаралық театр күніне орай бірқатар іс-шара өтті. Атап айтқанда, «Жастар» театрында жас суретші Тоғжан Тілеубекқызының аталмыш театр актері, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы мен Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әділ Ахметовтің шығармашылығына арналған «Сөйле, сурет» көрмесі өтіп, «Жанарымдағы жалғыз әуен» спектаклі ұсынылды. Музыкалық жас көрермен театрында «Театр әлемі» концерт қойылымы көрсетіліп, Қазақстан театрлар ассоциациясының алғыс хаттары тапсырылды.

Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында «Қаллеки тынысы» атты спектакльдер шеруінің қорытындысы шығарылып, үздіктер анықталды. Сарапшылар шешімімен «Үздік спектакль» номинациясын «Баян Сұлу-Қозы Көрпеш» спектаклі иеленді. «Үздік ер адам рөлі» Асылбек Қапаевқа («Жошы хан» спектакліндегі Шыңғыс

хан рөлі үшін) бұйырса, «Үздік әйел рөлін» Айнұр Жетпісбаева («Баян Сұлу-Қозы Көрпеш» спектакліндегі Күнікей рөлі үшін) иеленді. Сонымен қатар «Екінші пландағы үздік ер адам рөлін» Нұрсұлтан Есен («Бала Мерген» ертегісіндегі Төртқұлақ хан рөлі үшін) қанжығаласа, «Екінші пландағы үздік әйел рөлін» Бегімнұр Қалила («Баян Сұлу-Қозы Көрпеш» спектакліндегі Таңсық рөлі үшін) алды.

Көрермен таңдауы бойынша «Үздік актер» – Қайыржан Садық, «Үздік актриса» – Ақмарал Танабаева, «Үздік спектакль» – Жошы хан спектаклі. Мерекелік концерт барысында театр өнерінің дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан бірқатар актер мен ұжым қызметкеріне, үздік көрермен мен театр насихатына үлес қосқан журналистерге алғыс хат табыс етілді.

ЕЛОРДА ОҚ БОЙЫ ОЗЫҚ ШЫҚТЫ

Шәкәрім оқулары II республикалық байқауының Астана қалалық кезеңінде топ жарған №73 мектеп-лицейдің 5-сынып оқушысы Едіге Қылымбекұлы байқау қорытындысында бас жүлдені иеленді. Аталмыш республикалық байқауға 17 облыс пен республикалық маңызы бар қалалардың 19 кітапханасы атсалысты. Финалда әр өңір мен қаладан 5-8-сынып аралығындағы 18 жасөспірім жарысты. Қорытындысында елорда оқ бойы озық шықты.



Жалпы бастапқыда осы байқауға еліміздің барлық аумағынан 2000-нан аса үміткер қатысып, ерекше белсенділік танытты. Өңірлерде топ жарғандар Астанаға жиналып, Ұлттық академиялық кітапханада өнерін ортаға салды.

Қазылар алқасының құрамында белгілі ақын, ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жаннат Әскербекқызы, осы байқаудың өтуіне қолдау көрсетіп, демеушілік еткен

кәсіпкер, «Адал ас» корпорациясының президенті Ермек Мезібаев, абайтанушы ғалым, «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу институтының директоры Жандос Әубәкір, белгілі жастар сыйлығының лауреаты Қалқаман Сарин, Ұлттық академиялық кітапхана директоры Гәзиза Құдайбергенқызы болды.

Байқау қорытындысында бас жүлдені Астана қаласының №73 мектеп-ли-

цейінің 5-сынып оқушысы Едіге Қылымбекұлы иеленді. 1-орынды 7-сынып оқушысы Әдия Әділахмет (Тараз қаласы), 2-орынды 8-сынып оқушысы Кәусар Исламқызы (Батыс Қазақстан облысы), 3-орынды 5-сынып оқушысы Айару Әлібек (Абай облысы) алды. Жеңімпаздарға және байқауға қатысушыларға демеушілер есебінен бағалы сыйлық берілсе, жетекшілері арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

СПОРТ

ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ ЖҮЛДЕСІН ОЛЖАЛАДЫ

Астанада Олимпиада ойындарының чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Бақтияр Артаевтың жүлдесі жасөспірімдер арасындағы халықаралық турнир мәресіне жетті. Жарыста Қазақстанның барлық облысынан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан, сондай-ақ Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстаннан келген боксшылар арасында жеңімпаздар анықталды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

«Beeline Arena» спорт кешенінде керілген шаршы алаңда 2008-2009 жылдары туған жасөспірімдер бәсекеге түсті. Алғаш рет ұйымдастырылған

жарысты тамашалауға Олимпиада ойындары мен әлем чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері Серік Сәпиев, Данияр Елеусінов, Василий Левит, Серік Елеуов, Мерей Ақшалов, Біржан Жақып, Айбек Нұрбек Оралбай, Дулат Бекбауов сынды атақты боксшылар қатысып,

Бақтияр Артаевтың жарысына қолдау білдірді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит, Қазақстан бокс федерациясының вице-президенті Азиз Қожамбетов және басқа да мамандар марапаттап, жеңісімен құттықтады.

Жарыстан кейін Бақтияр Артаев турнирді қорытындылап, өз ойымен бөлісті.

«Олимпиада ойындарының бірнеше дүркін чемпионын шығару үшін 15-16 жастағы жасөспірімдерге қазірден көңіл бөлу керек. Осы мақсат менің біраз уақыттан ойымда жүр еді. Енді, міне, осы идеяның алғашқы қадамы жасалып отыр. Алғашқы турнирге тек Орталық Азия елдерінен ғана командалар шақырылды. Алдағы уақытта қатысушы елдер санын арттыру қажет деп санаймын. Сондай-ақ жүлде қорын да көбейтуді ойластырамыз. Жалпы жасөспірімдер арасындағы жарыс болғанмен, қатысушылардың



жеңіске деген жігері, техникасы ересектерден кем түспейді. Әсіресе жеңіл салмақтағы боксшыларға дән риза болдым» деді Бақтияр Артаев.

Халықаралық жарыста бір салмақта ғана Өзбекстан боксшысы жеңімпаз атанды, қалған салмақтың бәрінде Қазақстан жасөспірімдері топ жарды. Ал Астана қаласының боксшылары 1 алтын (Ерасыл Маратов, 44 келі), 1 күміс (Санжар Сейтхамит, 80 келі), 3 қола (Икрам Мусаев, Мухаммад Исмайыл, Амир Алимжанов) олжалап, жалпы есепте 5-орыннан көрінді. Сондай-ақ елордалық Ерасыл Маратов «Турнирдің

үздік боксшысы» сыйлығын иеленсе, Санжар Сейтхамитке «Жеңіске деген жігері үшін» сыйлығы берілді.

Олимпиада ойындарының чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері Бақтияр Артаевтың жүлдесі үшін өткен бірінші жарыстың негізгі ұйымдастырушысы – Астана қаласы әкімдігінің «№3 Олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ мен демеушілер айтулы жарысты дәстүрлі түрде өткізуді қосарлап отыр.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №38

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Айгүл УАЙС